ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

# AIQYN

СӘРСЕНБІ
№133 (3990)
8.09.2021

www.aikyn.kz e-mail: aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

## СОЛТҮСТІК ӨҢІР ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫНДА

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапарымен барды. Ол алдымен өңірдегі егін жинау науқанының барысымен танысты. Осы мақсатта Қызылжар ауданының Бәйтерек ауылында орналасқан «Сервис Жарс» ЖШС-нің ауыл шаруашылығы алқабын аралады.**

Мемлекет басшысы кәсіпорын егістігінің жағдайына қанығып, орақ науқанына жұмылдырылған ауыл шаруашылығы техникаларын көрді. Ал ауыл шаруашылығы кәсіпорнының жетекшілерімен және механизаторлармен әңгімелесу кезінде биылғы Жолдауында бұл сала бойынша тиісті міндеттер жүктегенін еске салды.

– Біз субсидия саласындағы саясатымызды жетілдіріп, реттеуіміз керек. Аталған мәселеге Жолдауымда арнайы тоқталдым. Бұл жерде бәрі айқын болуы керек. Болашақта субсидиялар мүлдем жойылып, оның орнына пайызы төмен несиелер болады деген пікір бар. Алайда қазір біз ауыл шаруашылығы өндірушілеріне қолдау көрсетуіміз қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қ.Тоқаев дайын әрі өңделген өнімнің, соның ішінде ұнның экспортының көлемі төмендегенін ескертіп, қолайлы тариф саясаты қажет екеніне назар аударды.

– Біз дәстүрлі түрде Өзбекстан, Түрікменстан, Ауғанстан елдерінің нарығына ұн жеткіземіз. Үкімет, Сауда министрлігі тарифті реттеу мәселесімен нақты айналысуы тиіс. Үкімет келешекте астыққа экспорт салығын енгізу мәселесін көтеріп отыр. Бірақ қалыптасқан ахуалды ескере отырып, бұған әлі ерте деп ойлаймын. Тауар өндірушілер, әсіресе ұн шығаратын кәсіпкерлер үшін субсидия механизмін қайта іске қосуымыз керек. Қосымша құнның деңгейі жоғары дайын әрі өңделген өнімдерді экспорттауға тиіспіз, – деді Президент.

Ол агроөнеркәсіп кешенін озық техникамен қамту қажет деді.

*(Жалғасы 2-бетте)*

## Тағайындау

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Нұрлан Ноғаев Маңғыстау облысының әкімі болып тағайындалды.

Ол бұған дейін Энергетика министрі қызметін атқарған.

## АЭС: ЭНЕРГИЯ ҮШІН НЕНІ ҚҰРБАН ЕТЕМІЗ?

**Қазақстан алдағы он жылдың ішінде энергия тапшылығына ұрынуы мүмкін. Мұны сарапшылар да, мемлекет басшылығындағы лауазымды тұлғалар да айтып жүр. Содан да болар, соңғы бірер аптада Қазақстанда атом электр стансасын салу мәселесі қайта көтерілді. Шамасы, билік ақыры сондай шешімге келген сыңайлы.**

Негізі, көптен бері талқыланып жүрген мәселені қыркүйектің 1-і күні Президент Қ.Тоқаев өз Жолдауында тағы атап өткен еді. Сонымен бірге ол Ресейде өткен VI Шығыс экономикалық форумының пленарлық отырысында өз ұстанымын нақтылай түсті. Сол-ақ екен, ескі пікірталас қайта бұрқ ете түскен жайы бар. Қоғамда АЭС салуға қарсылық танытушылар да, салына қалса, қай жерді таңдаған жөн дегенге қатысты пікір білдірушілер де көп. Сонымен қатар қай елдің технологиясына жүгінген жөн дегенді талқылау да көп. Қысқасы, қазақстандықтар АЭС құрылысына бейжай қарамайтыны байқалады.

### СҰРАУЫ БАР СУДЫ ҚҰРБАН ЕТЕМІЗ БЕ?

Ашығын айтқанда, Қазақстанда АЭС салу жайлы соңғы шешім қабылданған жоқ. Бірақ АЭС жобасынан бас тартуды да көздемейміз. Демек, ерте ме, кеш пе, атом энергиясын пайдалануға мәжбүр боларымыз анық. Олай болса, бәрібір «болашақ АЭС қай жерде салынуы керек?» дейтін мәселе алдымыздан шығары сөзсіз. Бұқараның алаңдайтыны да АЭС орналасатын аймақ пен қай елдің технологиясы екені. Әйтпесе, түбегейлі қарсы шығудан пайда келмесін жұрт біледі. Әрі әзірге энергия тапшылығынан басқа жолмен құтылу да мүмкін болмайтынын түсініп отыр. Ендеше АЭС қай өңірде салынуы мүмкін дейтін мәселенің өзекті болары сөзсіз. Өйткені бұқара әлі де экологиялық жағдайдың нашарлануынан қауіптенеді. Ал АЭС салына қалған жағдайда қай жерде орналасады дегенге келсек, әзірге екі нұсқа көбірек айтылып жүр. Олардың бірі – Балқаш көлінің жағалауындағы Үлкен ауылы, екіншісі – Курчатов қаласы. Екеуі де судың жағасында орналасқан елді мекендер. Ал АЭС үшін мол су қажет екені белгілі жайт. Сондықтан қай жерде салынса да, су жағалайтын түріміз бар.

*(Жалғасы 6-бетте)*

## Алименттен қашып жүр...

**Соңғы жылдары елімізде алимент төлеуден жалтаратын, тіпті өз баласынан бас тартқысы келетіндердің қатары артқан. Тіпті, кейбір әкелер табысын жасырып, азайтып көрсетіп жүр. Мақсаты – алимент төлемеу. Осы үшін небір қитұрқылыққа баруға дайын. Неге?**

Бүгінде безбүйрек әкелердің баласы алдындағы қарызы 350 миллион теңгеге жеткен. Көпшілігі жұмыс жоқтығын сылтау етеді. Деректерге сүйенсек, бір ғана Алматының өзінде алимент төлейтін әкелер саны 12 мыңнан асқан. Бірі перзенті алдындағы борышын өтеп, берешегін өтеп жатса, кейбірі жалақысын жасырып қалуға тырысады. Жауапсыз ерлердің борышын төлетуге мемлекет қолданбаған шара қалмаған. Әйтсе де, ескертуді елемейтіндер көп жағдайда төлемнің уақытылы жасалмауына себеп жағдайының төмендігі мен жұмыссыздығы екенін айтып, ақталуға тырысады.

Адвокат Ерубай Ыдырысов кез келген әке-шеше баласынан бас тарта алмайтынын айтады. «Тіпті, баласынан бас тартқанның өзінде де олар алимент төлеуден босатылмайды. Қазір көп жағдайда ата-аналар екеуара келісімге келіп, өзара шешімге келеді. Мысалы, кейбірі «сен баладан бас тартсаң, мен алимент сұрамаймын» дейді. Өйткені екі балаға алимент ретінде әкесі жалақысының үштен бір бөлігін төлеуі тиіс. Ал егер ол алиментті екі-үш жыл төлемесе, 2-3 миллионға қарыз болып шығады. Сондайда аналар «қарыздың бәрін кешіремін, алимент те талап етпеймін. Сен тек баладан бас тарт, өмірімізден біржола кетсең болды. Жалғызбасты ана ретінде өз күнімді өзім көремін» деп жатады. Міне, осындай жағдайда кей әке баласынан бас тартады. Ондайда амал жоқ, ештеңе істей алмайсың», – дейді заңгер.

*(Жалғасы 5-бетте)*

## Қылмыстық топтар азаймады

**Мемлекеттің ұйымдасқан қылмыспен ымырасыз күресі бір сәтке де тоқтаған емес. Әйтсе де, ол 30 жыл бұрынғыдай криминалмен ғана шектеліп қалып отырған жоқ. Қазіргі сипаты өте алуан. Уақыт дамыған сайын жаңаша тәсілдері пайда болып жатыр. Мәселен, киберқылмыстар, трансплантациялық хирургия, діни экстремизм, қаржы пирамидасы, мұнай ұрлау, нарколаборатория сияқты қылмыстар белең алып тұр. Соңғы уақыттары ақпарат құралдарынан оларды құрықтау операциялары туралы жиі естіп жүрміз. Содан да болар, ҰҚТ-лар еркінсіп кеткендей әсер қалады. Тіпті, қатары да көбейіп кеткен сияқты. Расында да солай ма?**

### 5 АЙМАҚТА БІР МЕЗГІЛДЕ

Қазақстанның бес өңірінде бір мезгілде жүргізілген арнайы операция барысында ұйымдасқан қылмыстық топтың 28 қатысушысы ұсталды. Бұл туралы ІІМнің Polisia.kz сайты 1 қыркүйек күні хабарлады. Басылым мәліметінше, арнайы операцияны Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитеті Алматы қаласы, Алматы, Ақтөбе, Жамбыл және Батыс Қазақстан облыстарының аумағында Ішкі істер министрінің арнайы мақсаттағы бөлімшелерін тарта отырып жүргізген. Қауіпті ұйымдасқан топ қызметінің жолын кесу жөніндегі арнайы операцияның барысын Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы үйлестірді. Тәртіп сақшыларының ұйымдасқан қылмыстық топтың 28 қатысушысын ұстағаны белгілі болды. Олардың 16-сы қамауға алынған. 53 нысанды тінту кезінде атыс қаруының арсеналы мен оның оқ-дәрілері тәркіленді, сонымен қатар бақылауға арналған арнайы техника табылды. Бұл топ көбінесе елдің оңтүстік аймағында жұмыс істеп, бұл қылмыстық жағдайға теріс әсер еткен.

*(Жалғасы 5-бетте)*

## Пәтерді заңсыз жалдайды

**«Біреу тоңып секірсе, біреу тойып секіретін» заман болып тұр. Жұрт пәтер іздеп, қалтасындағы соңғы тиынын пәтер жалдау үшін беріп жатқанда біреулер оны иеленіп, кейін заңсыз жалға беріп, пайда табуға кіріскен. Қара бастың қамымен заңды белден басқандар Ақмола облысында молынан табылып тұр. Ақмола облыстық прокуратурасы мемлекеттен берілген тұрғын үйлердің ішінен заңсыз бірқатары берілгенін анықтаған. Ал мұндай заңсыздыққа жол бергендердің барлығы бірдей бюджеттік мекемелердің қызметкерлері болып шықты.**

7 ▸▸

## Ойылдың обалы кімге?

**Әлемдік су тапшылығы соңғы жылдары біздің елде де өткір сезіле бастады. Климаты жағынан құрғақ аймақ Атыраудағы Жайық өзенінің тартылуына Ойылдың мәселесі қосылды. Төрт түлік мал мен егінді суаруды айтпағанда ауызсудың өзі ауылдық жерлерде «қасқалдақтың қанындай» болып тұр. Бүгінде осы проблема жергілікті қоғам белсенділерінің табандылығының арқасында үкіметтік деңгейге жетті.**

6 ▸▸

e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

# Солтүстік өңір өркендеу жолында

*(Басы 1-бетте)*

– Үкімет ауыл шаруашылығы еңбеккерлерін осындай техникалармен жарақтандыруға көмек беруі керек. Егер заманауи техника болмаса, ауыл шаруашылығымыз дамымайды. Бұл – анық дүние. Сондықтан Үкімет менің тапсырмам бойынша тиісті жұмыстарды жалғастырады. Екіншіден, бұл техникалар ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне қолжетімді болуы керек. Несиеге қатысты саясат жалғаса береді. Несие мөлшері төмен болуы тиіс. Мен бұл мәселеге баса мән беремін, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Бұдан бөлек, ел Президенті өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен агроөнеркәсіп кешенінің жағдайы туралы Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақаловтың есебін тыңдады.

Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы техникаларын құрастыратын CLAAS зауытына соқты. Оған зауытта құрастырылған астық жинайтын трактор, комбайн, тұқым себетін техникалар көрсетіліп, кәсіпорынды одан әрі дамыту жоспарлары баяндалды. Қ.Тоқаев осы компанияның халықаралық беделін жоғары бағалап, германиялық концернмен ұзақмерзімді ынтымақтастық орнату қажетін қадап айтты.

Сонымен қатар ол осы өңірде бірқатар жобаны жүзеге асырып жатқан шетелдік инвесторлармен кездесті. CLAAS компаниясының ТМД елдері бойынша аймақтық директоры Нилс Ройч Мемлекет басшысын Қазақстанда болашақта іске асырмақ инвестициялық жобаларымен таныстырды. Түріктің YDA HOLDING компаниясының басқарма төрағасы Арслан Хусейн Петропавлда халықаралық JCI стандарттарына сәйкес, 625 орындық заманауи көпсалалы аурухана құрылысының басталғанынан хабардар етті.

АҚШ-тағы Аризона университетінің жаһандық мәселелер жөніндегі вице-президенті Брент Уайт осы оқу орнының Kozybayev University-мен ынтымақтастық орнату жөніндегі жоспарын жеткізді. Бұл келісім қазақстандық ЖОО-ны американдық білім беру мекемесіндегі академиялық технологиялармен қамтамасыз етуге бағытталмақ.

Қасым-Жомарт Тоқаев ел экономикасын және өңірлерді дамытуға қосқан үлестері үшін инвесторларға ризашылығын білдірді. Ол инвесторлардың бизнес-жобаларының іске асырылуын бақылауда ұстау үшін жеке мониторинг жүргізетінін мәлім етті.

Сапар аясында Мемлекет басшысы Петропавлдағы Alageum Electric электротехника зауытына барды. Президентке трансформатор өндірісінің технологиялық желісі көрсетіліп, кәсіпорын қызметкерлеріне жасалып жатқан әлеуметтік қолдау шаралары мен өндірісті одан ары кеңейту жоспары туралы мәлім етті.

Зауыттың құрылысына 10 миллиард теңге инвестиция салынған. Жобалық қуаты бойынша кәсіпорын жылына 13 мың трансформатор шығармақ. Өнімінің 98 пайызы ТМД елдеріне экспортталады.

Кездесу соңында Қ.Тоқаев еңбек ұжымымен еркін әңгімедүкен құрды. Ол кәсіпорынның жұмысы мен экспорттық әлеуетіне жоғары баға берді. Президент зауыттың табысты дами береріне сенім білдіріп, отандық өнім өндірушілерге Үкімет жан-жақты көмек көрсететінін айтты.

**А.ШӘРІП**

# 89 млн теңге айыппұл салынды

**Алматы облысында мониторинг тобы карантин кезінде той өткізудің 233 фактісін анықтаған.**

Халықтың санитарлық-эпидемияға қарсы және санитарлық-профилактикалық іс-шаралардың сақталуын бақылау мақсатында облыс бойынша жергілікті атқарушы органдардың жанынан 268 мониторинг тобы құрылды. Жыл басынан бері мониторинг топтар 28 463 рейд жүргізіп, 152 288 нысанда 1 369 карантин режимін бұзу фактісін анықтаған. Нәтижесінде, 735 нысанға 89 миллион теңгеге айыппұл салынды. Оның 233-і жаппай отбасылық және ұжымдық іс-шаралар, яғни той, ұзату, құдалық және туған күндер өткізу бойынша қоғамдық тамақтану нысандарында өткізілген. Карантин мен бетперде режимін сақтамағаны үшін жеке тұлғаларға 592 хаттама толтырылды.

Алматы облысы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің баспасөз қызметі былтыр қараша айының басынан бастап бүгінге дейін 28 шағын кәсіпкерлік нысанында құқықбұзушылық фактісі анықталғанын мәлім етті. 18 нысан бойынша аумақтық прокуратура органдарына хат жолданып, 16 нысанға жоспардан тыс тексеру жүргізілген. Айта кетейік, өңірде үйлестіру орталықтары жұмыс істейді. Жыл басынан бері орталыққа 156 шұғыл хабарлама келіп түскен. Тексеріс барысында карантин талабын бұзу дерегінің 90 жағдайы қоғамдық тамақтану нысанында болғаны анықталды.

**Жадыра МҮСІЛІМ**

# Жарылыстан жүзден астам үй қираған

**Жамбыл облысы Байзақ ауданындағы әскери қоймадағы жарылыстан 118 жылжымайтын мүлікке зиян келген. Оның ішінде 35 үй мен 12 коммерция нысаны айтарлықтай қираған.**

Бұл туралы Жамбыл облысы әкімдігінің Құрылыс басқармасының басшысы Ерлан Орынбаев айтты.

«Жамбылдағы жарылыстың салдарынан қираған ғимараттарды қалыпқа келтіру мен шығынды есептеу үшін әкімдік арнайы топ құрды. 5 жұмыс тобы осы жұмыстармен айналысады. Оның құрамында «ҚазҚСҒЗИ», жобалық ұйым өкілдері мен ТЖМ өкілдері бар», – деді ол Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Басқарма басшысының айтуынша, 47 нысанға «ҚазҚСҒЗИ» техникалық шешім шығарды.

«Алдын ала мәлімет бойынша, жарылыстан 118 жеке жылжымайтын мүлікке зардап келген. Оның ішінде 106 тұрғын үй мен 12 коммерциялық ұйым. Оның ішінде 35 үй мен 12 коммерциялық ұйым айтарлықтай қираған. Бүгінде 12 мердігерлік ұйым қалпына келтіру жұмысына кірісті. 23 техника мен 185 қызметкер жұмыс істеп жатыр. 71 тұрғын үй жеңіл қираған. Оның 43-інде жөндеу жұмыстары аяқталды», – деді Ерлан Орынбаев.

Жамбыл облысы әкімдігінің Құрылыс басқармасының басшысы жөндеу жұмыстары 1-1,5 ай ішінде аяқтау жоспарланғанын айтты.

**Мейірім ҚАЙРАТҚЫЗЫ**

# Департамент басшысының орынбасары ұсталды

**Қызылорда облысы Экология департаменті басшысының орынбасары – бас экология инспекторы Бекзат Тілегенов ұсталды. Ол 50 миллион теңге сомасында пара алған деп айыпталып отыр.**

Бұл туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі хабарлады.

«Ол ЖШС директорынан кәсіпкерлердің пайдасына жасалған іс-әрекеттері және олардың мұнай қалдықтарын қайта өңдеу саласындағы қызметін қорғағаны үшін бұған дейін келісілген 100 миллион теңгенің 50 миллионын алған деген күдікке ілінді», – делінген агенттіктің Telegram каналындағы жазбада.

Ведомствоның мәліметінше, Бекзат Тілегенов Шымкенттегі Полиция департаментінің уақытша ұстау изоляторына қамауға алынды.

Кеше оның алдында қызмет атқарған Қызылорда облысы бойынша Экология департаменті басшысының міндетін атқарушы – бас экология инспекторы 11 жылға бас бостандығынан айырылды. Ол 2021 жылдың ақпан айында 30 миллион теңге сомасында пара алғаны үшін ұсталды.

**М.ҚАЙРАТ**

# Әуе рейстері артады

**Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, Қазақстан мен Ресей арасындағы тұрақты әуе рейстерінің саны артады.**

Бұл туралы өткен айдың соңында ел аумағында коронавирус инфекциясының туындауын және таралуын болдырмау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның кезекті отырысында мәлім болған. Сол кезде Қазақстан мен Ресей арасындағы рейстерді арттыру мәселесі талқыланған. Сонымен бірге биыл 22 қыркүйекте QazaqAir әуекомпаниясы Ақтөбе-Қазан бағытында аптасына бір рет әуе рейсін ашуды жоспарлап отыр.

Ресей бағытындағы рейстерді ары қарай көбейту эпидемиологиялық жағдайға, ВАК шешіміне және РФ тиісті мемлекеттік органдарының шешіміне байланысты болады. «Рейстер санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың қатаң сақталуы және авиакомпания сайтында жарияланған кестеге сәйкес жүзеге асырылады», – дейді министрлік өкілдері.

**Ж.МҮСІЛІМ**

# Егіз бала терезеден құлап кетті

**Атырау қаласында 1 жастағы егіз бала үшінші қабаттың терезесінен құлап кетті. Біреуі ауруханада қайтыс болды.**

Бұл туралы Атырау облысы Төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі хабарлады.

«Оқыс оқиға 5 қыркүйек күні Атырау қаласында болған. «Береке» шағынауданында орналасқан көпқабатты тұрғын үйдің 3-қабатынан 2020 жылы туған 2 баланың (егіз) терезеден құлау дерегі тіркелді. Бұл кезде екі баланың анасы жұмыста болған, ал әкесі ұйықтап жатқан. Өкінішке қарай, пәтердің терезелерінде темір тор орнатылмаған», – делінген хабарламада.

Ведомствоның мәліметінше, баланың біреуі ауруханада қайтыс болды. Ал екіншісі ауруханада жатыр.

**М.БАҚЫТЖАН**

# Әлеуметтік тұрғын үйлер сапасына қатысты шағымдар қаралды

**«Nur Otan» Партиялық бақылау комитетінің Facebook-те тікелей трансляция жасалған отырысында әлеуметтік осал топтағы азаматтарды сапалы және қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету мәселелері қаралды.**

Партияның баспасөз қызметінің мәліметінше, «Nur Otan»-ның сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасы аясында биыл 17 миллион шаршы метр тұрғын үй салу жоспарланып отыр. Оның 2,5 миллионы халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын жандарға арналады. Жыл басынан бері 7,7 миллион шаршы метр тұрғын үй немесе 66 мың пәтер пайдалануға берілді.

Алайда Партиялық бақылау комитетінің мүшесі Әнуар Ілиясованың айтуынша, пәтерге мұқтаж жандар саны артып келеді. Қазір тұрғын үй кезегінде 577 мың отбасы тұр. 2019 жылдың қаңтарынан 2021 жылдың қыркүйегіне дейін 113,8 мың тұрғын кезекте тұр. Олардың көпшілігі әлеуметтік осал топтағы азаматтар.

– Соңғы уақытта әлеуметтік тұрғын үй салуға және оны бөлуге байланысты партияның қоғамдық қабылдау бөлмелеріне өтініштер саны артқанын айтқым келеді. Мәселен, Ақтау қаласында әкімдік II топтағы мүгедекке раковинасы, унитазы және ваннасы жоқ жалдамалы пәтер бөлген. Атырау облыстық партия филиалына көпбалалы аналардан шағым түскен. Олардың тұрғын үй кешеніндегі есіктердің сапасы өте нашар, қабырғалары жарылған, ал қыста ішкі және сыртқы ауа температурасы бірдей. Соңғы бір жарым жылда осындай шағымдардың 11 мыңнан астамы түсті, – деді Әнуар Ілиясова.

Бұл ретте халықтың әлеуметтік осал топтарына 2017-2019 жылдары пайдалануға берілген 21,5 мың пәтердің 8%-ы азаматтардың осы санатына жатпайтын адамдар арасында бөлінген, ал пәтерлердің тағы 12%-ы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның және аумақты абаттандырудың болмауына байланысты бөлінбеген.

– Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру аясында пайдалануға берілетін тұрғын үйдің сапасы, өкінішке қарай көп жағдайда көңіл көншітерлік емес, – деп атап өтті комитет төрағасы, Мәжіліс депутаты Артур Платонов.

Өз кезегінде Индустрия және инфрақұрылымдық даму бірінші вице-министрі Қайырбек Өскенбаев 2015 жылы құрылыс сапасын бақылау толығымен жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік Сәулет-құрылыс басқармасының қарамағына берілгенін нақтылады.

– Олар тексерістерді азаматтардың өтініштерінен кейін ғана жүргізеді. Салынып жатқан нысандарды тексеру 6,9% болды. 10 529 нысанға 725 тексеру жүргізілді. Қала тұрғындары инженерлік-коммуналдық желілердің жүктемелеріне, көлік кептелістеріне және басқа да жағдайларға алып келетін тығыз салынып жатқан құрылыстарға шағымданатыны жасырын емес. Бұл мәселелер әкімдіктер әзірлейтін егжей-тегжейлі жобалау жоспары бойынша реттеледі. Біз жоспарлардың барлық қала құрылысы нормаларына сәйкестігі тұрғысынан мемлекеттік сараптамадан өтуі тиістігін заңнамалық түрде бекітуді ұсынамыз, – деді Қайырбек Өскенбаев.

Ол сондай-ақ әкімдіктердің орнына әлеуметтік тұрғын үй салумен кейіннен сатып алуға болатын жеке сектор айналысқаны жөн деген пікірін білдірді. Сонымен қатар Индустрия және инфрақұрылымдық даму бірінші вице-министрінің айтуынша, құрылыс процестерінің ашықтығын көрсету мақсатында және тұрғын үй құрылысының сапасын бақылауды қамтамасыз ету үшін E-Qurylys бірыңғай ақпараттық жүйесі әзірленіп жатыр. Ол жұмыс барысын нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді. Жүйе 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс істей бастайды.

Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру барысында бюджет қаражатын жұмсауға байланысты көптеген қаржылық заңбұзушылық фактілері комитет мүшелерінің сауалдарын туғызды.

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті 21 млрд теңге сомасында заңбұзушылықтарға жол берді. Бұдан басқа, комитеттің 10 млрд теңгеден астам бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану фактілері анықталды. Бұл жерде нақты ақпаратсыз комитетке 21 млрд теңгеге бюджеттік өтінім қалай мақұлдануы мүмкін деген сұрақ туындайды, – деді Әнуар Ілиясова.

Ол сондай-ақ «Бәйтерек девелопмент» АҚ-да (қазір Қазақстан тұрғын үй компаниясы) тиімсіз жоспарлау анықталғанын да атап өтті. Олар жобалау-сметалық құжаттамасы болмаған немесе әзірлену барысында БҚО, СҚО, Қарағанды және Павлодар облыстарында 19 млрд теңгеден астам сомаға бірқатар жобаның құрылысын қаржыландырған.

Отырыс қорытындысы бойынша, Партиялық бақылау комитеті Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне және Ұлттық экономика министрлігіне халықтың аз қамтылған және әлеуметтік осал топтары үшін тұрғын үй салуды жеке арнайы мемлекеттік бағдарламаға бөлуді, сондай-ақ осы бағыттағы бюджеттік қаржыландыруды көбейту мүмкіндігін қарастыруды ұсынды.

Нұротандықтар пәтерлерді беру процесін жеделдету үшін мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде халықтың аз қамтылған және әлеуметтік осал топтары үшін коммерциялық құрылыс компанияларынан дайын инженерлік инфрақұрылымы бар тұрғын үй сатып алу тетігін енгізуді ұсынды.

Еске сала кетейік, «Nur Otan» партиясының сайлауалды уәделері аясында 2025 жылға қарай 1 миллионға жуық отбасы үшін, оның ішінде 284 мың көпбалалы және кедейлік шегінен төмен отбасылар, мүмкіндігі шектеулі азаматтар, жетім балалар үшін 103 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. Ауылдық жерлерде жыл сайын жеке тұрғын үй салу үшін инженерлік желілермен қамтамасыз етілген 22 мың жер учаскесі бөлінеді.

**Әбілмансұр ЖАСАН**

**«Nur Otan» партиясының Құқықтық кеңесінің төрағасы болып Нәзилә Раззақ тағайындалды. Бұл туралы партия Төрағасының Бірінші орынбасары Бауыржан Байбек хабарлады.**

# «Nur Otan» Құқықтық кеңесінің жаңа төрағасы тағайындалды

«Nur Otan» фракциясының депутаты, Парламент Мәжілісінің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Нәзилә Раззақ Саяси кеңес бюросының шешімімен партияның Құқықтық кеңесінің төрағасы болып тағайындалды», – деп жазды ол Twitter-дегі парақшасында. Сондай-ақ Бауыржан Байбек Жоғарғы Соттың судьясы болып сайланған Құқықтық кеңестің бұрынғы төрағасы Қанат Мусинге партия басшылығы атынан алғыс айтты.

Партияның баспасөз қызметі атап өткендей, Құқықтық кеңестің негізгі міндеттері – «Әділетті құқық қорғау жүйесі» бағыты бойынша сайлауалды уәделердің іске асырылуын бақылау, партия басымдықтарын ескере отырып, заңнаманы жетілдіру.

Нәзилә Раззақ – заң ғылымдарының докторы, сот төрелігі және балалар құқығын қорғау органдары мәселелері бойынша 35-тен астам ғылыми еңбегі бар, олардың бірқатары халықаралық басылымдарда жарық көрген. Қазақстанда бала құқықтары жөніндегі уәкіл институтын енгізуге бастамашылардың бірі болған.

Әр жылдары Жамбыл облыстық соты алқасының хатшысы, Атырау қаласы сотының және Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы болған, сондай-ақ Жоғарғы Сот аппаратында жұмыс істеген.

2014-2021 жылдары елордада кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы, Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігі академиясының вице-ректоры, «Nur Otan» партиясының Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінің меңгерушісі қызметтерін атқарған.

2021 жылдан бастап «Nur Otan» фракциясының депутаты, Парламент Мәжілісінің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі, сондай-ақ Құқықтық кеңес төрағасының орынбасары болды.

**А.ЖАСАНҰЛЫ**

**«Nur Otan» партиясы Ақмола облыстық қоғамдық қабылдау бөлмесінде екі тұрғынның мәселесі қаралды. Олардың өтініші партиялықтардың жеке бақылауына алынды.**

# Тұрғындардың өтініші партия назарында

Атап айтқанда, өтініш иесі ерейментаулық Қайша Жолдасбаеваның тұрып жатқан үйінің маңайында сібір жарасымен ауырған малдың қорымы бар екені 2007 жылы анықталған болатын. Сондықтан зейнеткер жергілікті әкімдіктен қауіпсіз жерден үй немесе қаржы бөлуді сұрап, біраз уақыт бұрын арызданған. Өтініші қанағаттандырылмағандықтан, әкімдіктің түсінігін заңсыз деп сотқа жүгінген. Нақты дәйектер келтірілмегендіктен, сот та істі кері қайтарған.

Денсаулығына қауіп төнетінін алға тартып, Қайша Нұрышқызы соңғы үмітін арқалап «Nur Otan» партиясының Ақмола облыстық филиалының қоғамдық қабылдауына жазылған. Төрағаның бірінші орынбасары Ғалым Бекмағамбетов өтініш берушінің арызын мұқият тыңдап, Ерейментау аудандық әкімдігіне аталған мәселені егжей-тегжейлі зерттеп, 2 ай уақыт ішінде оң шешу мүмкіндігін қарастыруды тапсырды. Мәселе партияның бақылауына алынды.

Қоғамдық қабылдауда, әсіресе жетім мен жесірлердің, әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың мәселелеріне үлкен көңіл бөлінеді. Сондықтан жетім қалған студенттің ешкімге қол қусырмай, табыс табуына мүмкіндік қарастыруды сұраған көкшетаулық Ирина Нусстың өтініші де бірден оң шешімін тапты.

Қаладағы жоғары техникалық колледжінің 2-курсында оқитын бозбала оқуын жұмыспен ұштастырғысы келеді. Яғни, ол «Тыныс» акционерлік қоғамына жұмысқа орналасқан. Сондықтан бұл мәселені шешу мақсатында колледж басшысына телефон шалынды. Дуальді оқыту бойынша аталған мәселе оңтайлы шешілмек. Партия бұл сұрақты да жеке бақылауына алды.

**А.ЖАСАНҰЛЫ**

Ауыл әкімдері сайлауы-2021

# Ауылдардағы мәселелер бір-біріне ұқсас

**Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы Ақшұқыр ауылының әкімі болып сайланған Еркебұлан Жәнібек ауылдың бүгінгі тыныс-тіршілігі, түйткілді мәселесі көп екенін айтады. «Nur Otan» партиясы атынан сайланған әкім «ауылды дамыту – басты назарда» дейді.**

**– Осыған дейін қандай қызмет атқардыңыз?**

– Ақшұқыр ауылы маған бейтаныс жер емес. Бұған дейін жергілікті ауыл әкімдігінде бас маманнан әкім орынбасарына дейін қызмет атқардым. Қалалық, облыстық әкімдіктерде жұмыс істедім. Жалпы, он жылдан астам жұмыс өтілім бар. Соның жеті жылдан астамы мемлекеттік қызметте өтті. Сайлауға түскенде Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің орынбасары едім. Негізгі мамандығым – мемлекеттік және жергілікті басқару, екіншісі – құқықтану. Оқуды бітіргеннен кейін мамандығым бойынша жұмысқа орналастым.

**– Ауылды көркейту мақсатында қандай жоспарларыңыз бар?**

– Республикамыздың 40 пайыздан астам халқы ауылдық жерлерде тұрады. Мемлекетіміздің де негізгі бағыттарының бірі – ауылдарды дамыту. Сайлауға түскендегі мақсатым – осыған дейін жинаған білім-тәжірибемді, қарым-қабілетімді қолдана отырып, ауылдың әл-ауқатын арттыру. Ақшұқыр ауылы – облыс орталығы Ақтау қаласына жақын орналасқан, даму деңгейі қарқынды ауылдардың бірі. Күн санап өсіп келе жатыр. Осы тұста бір ауылдың тұрғындарына бірдей жағдай жасау – маңызды іс. Ең әуелі ауылдың инфрақұрылымдық мәселелерін шешіп, күнделікті санитарлық тазалығын қамтамасыз етуіміз керек. Өзіңіз білетіндей, Ақшұқыр ауылы Каспий теңізін жағалай орналасқан, сондықтан да осыны ұтымды пайдаланып, жағажай инфрақұрылымын жаңартып, ыңғайлы орта құру керек. Сонымен қатар көгалдандыруды да қатар жүргізіп, балалар ойын алаңдары мен спорт алаңдарын көптеп салуды жоспарлап отырмыз. Осыған дейін ауылдың бірнеше көшесіне асфальт жол салынды. Енді жаяу жүргіншілердің де жағдайын жасау үшін орталық көшелерге тротуар салуды қолға аламыз. Көше жарықтарын біртебірте жарық диодты шамдарға ауыстырып, үнемделген қаржыға қосымша шамдар орнатып көшелерді ұлттық нақышта безендіруді жоспарлап отырмыз.

**– Ауыл әкімінің сайлауы елімізде қандай өзгерістерге жол ашады деп ойлайсыз?**

– Президентіміздің тапсырмасына сәйкес, елімізде нақты саяси реформалар жүргізіліп жатыр. Соның айқын көрінісі — ауыл әкімдерінің тікелей сайлауы. Халық өз қалауын білдіріп, қалаған әкімін сайлауға қол жеткізді. Осы арқылы өздерінің ұсынысын айтып, ауылды бірлесе дамытуға мүмкіндік алды, осы процестердің нақты қатысушысы екенін сезінді. Ауыл әкімі болып сайланғаннан соң әлеуметтік мекемелерді, басқа да кәсіпорындардың жұмысымен танысып, жұмысшыларымен кездесіп, ауылдағы мәселелер туралы сөйлестік. Сайлауалды бағдарламамда көрсетілген қауіпсіздік шаралары бойынша қазір жолда бейнебақылау камераларын орнату сияқты жұмыстарды бастап кеттік.

**– Ауылда қанша халық тұрады? Тұрғындар ауызсумен толық қамтылған ба?**

– Ақшұқыр ауылында бүгінде 12 705 тұрғын, 2 300 үй бар. Ауыл ауызсумен қамтылған. Оның негізгі бөлігі орталық құбыр арқылы, аз бөлігі тасымал арқылы келеді. Қосымша бөлінген учаскелерді ауызсу құбырымен қамтуға жоба жасақталып жатыр.

**– Ауылдағы негізгі жұмыс көзі қандай? Ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтылуы туралы айтсаңыз?**

– Негізі, барлық ауылдағы мәселелер бір-біріне ұқсас. Оған күнделікті тіршілік көздерімен қамтамасыз ету, тұрғын үй шаруашылығының мәселелері кіреді. Ауылдағы ең басты мәселенің бірі – жұмыспен қамту, жаңа жұмыс орындарын ашу. Осы тұста жеке және шағын кәсіпкерлікті дамыту, аясын кеңейту маңызға ие. Кәсіпкерлерге барлық мемлекеттік бағдарламаны түсіндіріп, кәсібін дамыту арқылы жаңадан жұмыс орындарын құруға көмектесуіміз қажет. Сонымен қатар үй шаруашылығындағы тұрғындардың үлесін арттырып, өз-өзін жұмыспен қамтығандардың санын көбейтуіміз керек. Ауылдағы негізгі жұмыс орындары – әлеуметтік нысандар, мектептер мен балабақшалар. Ақшұқыр ауылы облыс орталығына жақын орналасқандықтан, тұрғындардың басым көпшілігі қалаға қатынап жұмыс істейді. Өндірісте вахталық әдіспен жұмыс істейтіндер де бар.

**– Өңірдегі қуаңшылыққа байланысты ауылда қандай жұмыстар атқарылып жатыр?**

– Ауылымызда қуаңшылыққа байланысты бірқатар жұмыс атқарылып жатыр. Ауылшаруашылық жануарларын бірдейлендіру дерекқорына сәйкес, ауылда тіркелген мал басына 424 мүйізді ірі қара, 10 243 ұсақ мал, 1 947 жылқы, 1 311 түйе кіреді. Ауылдағы мал басын түгендеу үшін комиссия құрылып, барлық тіркелген шаруа қожалығы мен жеке үй шаруашылығындағы мал саны нақтыланды. Нәтижесінде, 22 шаруа қожалығы және 203 жеке үй шаруашылығының құжаттары Ауыл шаруашылығы басқармасына тапсырылып, тиісті қаражаттары мал иелерінің есепшотына аударылып жатыр. Аналық мал басын сақтап қалуға шаруа қожалықтарына 17 миллион теңгеге жуық, жеке үй шаруашылығына да осыншаға жуық қаражат бөлінді. Тіркелген малы бар тұрғындарға басқа өңірлерден жеңілдетілген бағамен 4 047 түк, 179 орама шөп және 47 тонна арпа сатылды.

Сонымен қатар 1 300 теңгеден 14 653 түк, 16 000-17 000 теңгеден 1 200 орама шөп, келісі 120-140 теңгеден 43 тонна арпа сатушы бағасымен сатылды. Басқа өңірлерден ауылға 11 вагон тегін шөп жеткізілді, барлығы 3 200 түк, 40 орама. Ауыл белсенділері тіркелген малы бар тұрғындарға теңдей үлестірді. Осы уақытқа дейін ауылға барлығы 868 тонна жемшөп жеткізілді. Ақшұқыр ауылына оператор болып «Байболат» шаруа қожалығы тағайындалды. 35 000 түк (595 тонна) шөп қорын қалыптастыруға міндеттелді, шөп сақтайтын орын дайын. Мал иелеріне ауылға келген жемшөптен қыстап шығуға мүмкіндігінше қор жасап алу керегі де айтылып жатыр.

**– Ауылда эпидемиологиялық ахуал қалай? Тұрғындар вакцина алуда белсенді ме?**

– Індеттен қорғау, таралуын тежеу мақсатында ауылда рейдтік шаралар үнемі жүргізіледі. Кәсіпкерлік нысандарға да мониторинг тоқтаған емес. Тиісті нысандар «Ашық» жүйесіне енгізілді. Коронавирусқа қарсы екпе жұмыстары да бақылауда, егілуі тиіс тұрғындардың 40 пайызға жуығы вакцина алды. Оның ішінде мектеп мұғалімдері толықтай вакцина алғанын айтып өту керек. Әлі де ауыл тұрғындарының вакцина алу белсенділігі төмен. Вирустан қорғанудың бірден-бір жолы вакцина екенін, оның тиімділігін тұрғындарға түсіндіру жұмыстары жалғасып жатыр.

**Сұхбаттасқан**
**Мәдина ЖӘЛЕЛҚЫЗЫ,**
*Маңғыстау облысы*

Ерлан САИРОВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты:

# Біздің мақсат – жемқорлықты қабылдамау мәдениетін қалыптастыру

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған Жолдауына орай «Nur Otan» партиясы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің төрағасы Ерлан Саировтың пікірін білген едік.**

**– Барша әлем сияқты Қазақстан да пандемияның зардабын тартып келеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осы жолғы Жолдауында індетке қатысты түйткілді мәселелерді атап көрсетті. Сіздің өз басыңыз Жолдаудан қандай ой түйдіңіз, ел экономикасының одан ары дамуы қалай болады деп пайымдайсыз?**

– Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында Үкіметке пандемиядан кейінгі кезеңдегі ел экономикасын дамытудың алғышарттарын жасауға тапсырма берді. Өйткені одан кейін ел экономикасын дамытудың бағыты, сапасы, бағдары мүлдем өзгеше, мүлдем бөлек болады. Себебі қазір ұзақмерзімді мұнай циклі аяқталып келе жатыр. Қазақстанның экономикасы мұнайды экспорттауға бағытталған. Сондықтан қазірдің өзінде табыстың мұнайдан басқа қайнар көзін табу өте маңызды. Президент сол себептен де экономиканы әртараптандыру қажеттігіне бас назар аудартты. Алдағы күні бюджетті қалыптастырудың жаңа бір жолдарын табу мәселесі өте өзекті.

Өйткені біздің Үкіметіміз кейінгі жылдары болашақ ұрпаққа арналған Ұлттық қорға қол сұғуды дәстүрге айналдырып алды. Мысалы, 2020 жылы бюджетке Ұлттық қордан 4,6 трлн теңге алынған. Бұлай бола берсе, Ұлттық қор таязданып қалуы ықтимал. Сол себепті бюджетті қалыптастыруда Ұлттық қордың рөлін азайтуды, сонымен бірге Қазақстанның сыртқы қарызын бақылап отыруды негізгі міндет етіп қойды.

Қазір дүниежүзінде жаңғыртылатын баламалы энергияларды дамыту мәселесі өзекті болып келеді. Мысалы, Еуропа 2045 жылға дейін газдан бас тартатынын, оның орнына «жасыл» энергетика көздерін пайдаланатынын мәлімдеді. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанның да «жасыл» энергияны дамыту бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шұғыл кірісуі керек. Мысалы, мұнайды тасымалдайтын әртүрлі көлік инфрақұрылымының барлығы 30-40 жылдан кейін керексіз болып қалады. Сонда бұл құбырлар арқылы не тасимыз, Үкімет соны қазірден бастап ойлануы тиіс.

Мемлекет басшысы айтып кеткендей, экономиканы дамытудың тағы бір түрі – ол ауыл шаруашылығы. Республиканың ауыл шаруашылығының әлеуеті жоғары. Өйткені бізде қолданылмай жатқан мал өрісі де, игерілмей жатқан жер де көп. Осы бос жатқан жерлердің бәрін космомониторинг арқылы анықтап, мемлекетке қайтарып, оны тиімді пайдалана алатын іскер азаматтардың қолына беру керек. Сол арқылы ел экономикасын дамытудың жаңа бір мүмкіншіліктері ашылады. Сондай-ақ жеке азаматтар аула шаруашылықтарын ұтымды пайдаланғаны дұрыс. Неге десеңіз, Қазақстандағы мал басының 60 пайыздан астамы жекенің қолына шоғырланған. Егер халықтың мал өсіруіне, оның басын көбейтуге және сапасын арттыруға көңіл бөліп, жағдай жасайтын болсақ, онда біздің экономикалық дамуымыз нақты жекелеген адамдарға да, мемлекетке де пайдалы болмақ. Президентіміз сол себепті Ауыл шаруашылығы министріне ауыл шаруашылықтарын дамыту үшін қолайлы болатын заң әзірлеуге тапсырма берді. Бұл заң сапалы, заманауи әзірленіп, қолданысқа енгізілген жағдайда ол ауыл халқының әлеуетін арттыруға да, азаматтарымыздың ел экономикасын көтеруге қатысуына да оңтайлы әсер ететіні сөзсіз.

**– Жолдауда саяси жаңғыру және адам құқықтарын қорғау мәселесіне де бір тарау арналған. Осыған орай елімізде болып жатқан саяси процестер туралы не айтар едіңіз?**

– Президент адам құқықтары жөніндегі мәселелерді ұдайы көтеріп жүр. Биылғы Жолдауда да адам құқын қорғау, халықтың әлеуметтік еңсесін көтеру мәселесіне егжей-тегжейлі тоқталды. Бұл жерде, ең бірінші айта кететін жайт, пандемия кезінде халықтың әлеуметтік жағдайын төмендетіп алмай, тұрақты түрде ұстап тұру маңызды. Мемлекеттің төменгі жалақыны 60 мың теңгеге дейін көбейтуі әлеуметтік жағдайы нашар адамдарға қолдау көрсету ниетінен туындап отырған қадам. Бұл халықтың әл-ахуалын арттырып қана қоймай, жалпы ішкі өнімнің өсуіне де жақсы ықпал етеді. Ал әлеуметтік мәселелерді оңтайлы шешу – мемлекет ұстанып отырған саяси басым бағыттың бірі. Өйткені әлеуметтік мәселесі шешілген халық қана зайырлы, саяси процесс жасай алады. Осы тұрғыдан алғанда, біздің елімізде саяси жаңғыру процесі ары қарай жалғаса береді деп сеніммен айтуға болады. Өздеріңіз білесіздер, биыл 800-дей ауыл әкімін тікелей дауыс беру арқылы халықтың өзі сайлап алды. Бұл үрдіс мұнымен тоқтамайды, Мемлекет басшысы ауыл әкімдерінің сайлауы 2024 жылы толық аяқталғаннан кейін, қанаттқақты жоба ретінде ары қарай ашық дауыспен аудан әкімдерінің сайлауы болатынын мәлімдеді. Саяси жаңғырудың басты мақсаты – ел халқының саясатқа араласуына бірдей жағдай жасау. Мәселен, мүмкіндігі шектеулі жандардың мәслихаттарға, Парламентке депутат болып сайлануы үшін квота енгізілуі саяси процестегі тең құқылықты білдіреді. Президент осы мәселеге де басты назар аударды. Бұл ТМД елдеріндегі, Орта Азиядағы үлкен бір жаңашылдық болып табылады.

**– Мемлекеттің экономикаға шектен тыс араласуы сыбайлас жемқорлықтың өршуіне қолайлы жағдай туғызбай ма? Жалпы, жемқорлыққа қарсы күрес нәтижелі болуы үшін не қажет? «Тұрмыстық жемқорлыққа» қалай тосқауыл қоюға болады?**

– Мемлекеттің экономикаға шектен тыс араласуды қойып, экономиканы тек реттеуге көшуі керек. Яғни, халықтың әлеуметтік жағдайына қолдау көрсетіп жүрген бизнесмендерге экономикалық тұрғыдан қолдау көрсету, жекелеген кәсіпкерлік субъектілеріне артықшылық беру, жеңілдік жасау қажет болады. Сондай-ақ мемлекеттік сатып алу кезінде ең бірінші өз еліміздің ішкі нарығын нығайтуға, шағын және орта бизнесті дамытуға басымдық берілуі тиіс. Қазір де бұл бағытта біраз жұмыс істеліп жатыр. Мәселен, «Самұрық-Қазына» АҚ және басқа да ірі мемлекеттік квазисектордың шағын және орта бизнеске бетін бұру үшін мемлекеттік сатып алу жөнінде заң қабылданды. Енді осы заңның ары қарай мүлтіксіз жүзеге асырылуын бақылап отыру қажет.

Ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесіне келсек, оның ең пәрменді жолы – қоғамдық бақылауды күшейту. Тек қоғамдық бақылау арқылы ғана сыбайлас жемқорлықты жеңуге болады. Мысалы, облыстық, аудандық және қалалық деңгейдегі бюджеттің жасалуы мен атқарылуы қоғамның бақылауында болуы тиіс. Әсіресе, білім, медицина, әлеуметтік сақтау салаларындағы сатып алулардың барлығы ашық әрі түсінікті болуы керек. Сол кезде жемқорлықтың тамырына балта шабылады. Ол үшін елімізде қоғамдық бақылау институтын ары қарай дамыту қажет. Қазір азаматтар әртүрлі саяси шешімдерге қатысқысы келеді, осы шешімдердің құрамдас бір бөлігі болғысы келеді, бұл процестерге қолдау көрсету керек. Сондықтан қоғамдық бақылау жөніндегі Парламентке енетін заң жобасын назарда мықтап ұстап, Қазақстанның өміріне енгізудің жағдайын қалыптастыру қажет.

Жемқорлықпен күрестің тағы бір маңызды тәсілі – оның алдын алу шарасы. Сыбайлас жемқорлықты қабылдамау мәдениеті деген бар, бұл мәдениетті кішкентай балаларымызды балабақшадан, мектептен бастап дағдыландырғанымыз жөн. Оларға жемқорлықтың біздің еліміз үшін ең негізгі жау екенін, мемлекеттің болашағына балта шабатынын балалардың миына балғын кезінен бастап құя беруіміз керек. Сонда ғана Қазақстанда сыбайлас жемқорлықты толыққанды қабылдамау мәдениеті қалыптасады. Бүгінде біздің ең басты мақсатымыз – Қазақстанда жемқорлықты 100 пайыз қабылдамау мәдениетін қалыптастыру.

**– Әңгіменізге рақмет!**

**Сұхбаттасқан**
**Дәулет АСАУ**

# ЖАҚСЫ СӨЗДЕ МЫҢ КІСІНІҢ АҚЫСЫ БАР

**Елде таяуда болған төтенше жағдай қоғамды дүр сілкіндірді. Ең ауыры – бейбіт күнде жалынды да жас кәсіби мамандардан айырылдық. Бұлар әскер ме, өрт сөндіруші ме, қарапайым қарауыл, жұмыскер ме, кездейсоқ ат басын бұрған жан ба, адам өлімі – еліміз үшін үлкен қасірет, орны толмас ауыр қаза. Тосын жағдайда шейіт болғандардың отбасына, туған-туыстарына, ұрпағына, жақындарына, достарына, әріптестеріне қайғырып көңіл айтамыз. Ал жарылыстан зардап шеккендер тезірек сауығып, ортамызға оралса екен.**

Бұл оқиға Қазақстанның бар азаматына ой салуы тиіс. Алдағы кезде оқ-дәрі, жарылғыш заттар қоймасында ғана емес, барлық жерде апаттың алдын алу, жамандыққа жол бермеу жолдары мен амалдары жан-жақты қаралуы тиіс деп ойлаймыз. Болған істің мән-жайын тергеп-тексеру үшін арнайы комиссия құрылды. Басқа да әскери қоймалардағы заттарды тиісті есепке алу, түгендеу, мерзімі түгесілген оқ-дәрілерді залалсыздандыру, жарамсыздарын жою сияқты шаралар жүзеге асырылмақ. Өкініштісі, көп жағдайда оқиғаның салдарына тап болатынымыз. Оның себебін анықтауды құзыретті құрылымдарға қалдыра тұралық.

Ал біздің айтпағымыз – осындай төтенше жағдай туындағанда үрей төндірудің өршіп кететіні. «Жақсы сөз – жарым ырыс» екенін ұмытатындар қанқу сөзімен жер өртейтіні. Жекелеген адамдардың жауапсыз іс-әрекетін тұтас мемлекетімізге жаба салуға жақын тұратыны. Осындайда игі жақсылардың, тәжірибелі, білікті мамандардың, сөз ұстайтын ақсақалдардың ақылға, сабырға шақыратын үні неге естілмей қалады?

Оның себебі көп те болуы мүмкін. Бізге белгілісі – суық хабар, жаманат жатпайды, тез тарайды. Екіншіден, өкінішке қарай анық-қанық ақпарат мардымсыз, шектеулі болатындықтан, жұрт ұзынқұлаққа ерік береді, сан-саққа жүгіртеді. Оған «біреудің үйі өртеніп жатса, өртке қойдың басын үйітетін» немқұрайлылар да қосылады. Пендешілікпен, қараулықпен тонаушылық әрекетке барғандар туралы хабар құлаққа шалынғанда, жойқын апаттан аман шыққан сонау алыстағы жапон халқының қасиетін еріксіз есімізге алуға тура келді. Олар қиын кезде де адами жауапкершілігін бірінші орынға қойды. Қайғы-қасіреттің өзін ақылға, асқан адамгершілікке, тағаттылық пен шүкіршілікке жеңдірді. Қай кезде де елдің қатаң тәртіпке бағынып қана берекеге жететіні – жазылмаған заңдылық. Қазақ елінің ата дәстүрінен, дамыған, озық елдер тәжірибесінен сабақ алып, заңға бір кісідей мойынсынуды, жаппай мәдениеттілікті үйренуге келгенде қалың көпшіліктің ынта-ықыласы, ұмтылысы әзірге байқалмай тұр.

Ал елдегі жекелеген салаларда біліксіздіктің, жауапсыздықтың кесірінен қауіп-қатерге ұрындыруы мүмкін жағдайдың әлі де баршылық екенін неге дер кезінде айтып, шара қолданбаймыз? Күнделікті тіршілікте орталық және жергілікті атқарушы билік орындары аса мән бере бермейтін немесе кейінге ысыра салатын осал тұстар мен кем-кетік түйткілдер, заңды белден басулар әуелі әдетке айналып, соңынан сойқанға, жанжалға, ұрлық-қарлыққа, жемқорлыққа ұласатыны қынжылтады. Солардың бірсыпырасы – жекеменшік иелігіне қатысты. Әрине, өркениетті елдердегідей, бізде де қастерленетін жеке адамдардың меншігі қалыптасып үлгерді десе болады. Олар қолданыстағы тиісті заңдармен қорғалады. Оның үстіне, Реформалар жөніндегі жоғары кеңес жекешелендірудің жаңа жоспарын мақұлдап отыр. Бір қарағанда, бәрі де орынды сияқты. Алайда әлі тиісті заң қабылданбаған кезде ел-елде, жер-жерде үй іргелік жерлеріне өз бетімен жанама учаскелерді арық-атызымен қосып алған, «өзім білеміндікке» салып, газ, су құбыры өткен жерлерді, аумақты (біліп-білмей, қасақана) қоршап, иеленіп кеткен жекелеген адамдарды тәртіпке кім шақырады? Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексте мемлекеттік жер учаскелерін заңсыз иеленіп алғанға тиісті айыппұл салынатыны жазылған. Заңбұзушылықтың үлкен-кішісі болмайды, тиесілі жаза бар. Ал ауыл-ауылдарда заңның орындалуын қадағалайтындар мұны ұсақ-түйекке санайтыны жасырын емес. Олар кейбір елді мекендерде қоғамдық пайдаланудағы жерлерді оңды-солды жеке мүддесіне пайдаланып, жолдың екі қапталын құрылыс материалдарымен, қосалқы техникасымен жауып тастайтындарды да елемейді, жауапқа тартпайды. Қысқасы, олар мұндай заңсыздықтарға көз жұмып қарайды. Айталық, Бурабай сияқты елді мекеннің орталық көшелерін есептемегенде, құмырсқаның жолындай мың бұралған тар көшелері мұнда құрылысшы, архитектор атымен болмағандай әсер ететіні өтірік емес. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында реттелетін-ақ жөні бар еді... Сондай-ақ кейбір мегаполис қалаларымызда «қызыл сызықты» баса көктейтін жекеменшіктегі құрылыс нысандары, қала төңірегін маңайлаған «нахаловка» аудандар әлі салынып жатқаны көзге қораш көрінеді. Бұл қаланың құрылыс мәдениетіне нұқсан келтіретіні сөзсіз. Бірер жыл бұрын ұшақ Алматы әуежайы маңында апатқа ұшырағанда, мұндай заңсыздықтың беті ашылып, қылмыстық іс те қозғалды. Содан бері осы бағытта не істелді? Қанша әуежай тұрған аудан тексерілді? Жаман айтпай, жақсы жоқ, енді Шымкент әуежайының маңындағы тұрғын үйлердің заңдылығын анықтау үшін елді еңіреретін кезді күтіп жүрміз бе?.. Міне, осындай өрескелдікті, жөнсіздікті, заңбұзушылықты аспаннан бұлт үйірілгенде емес, жаймашуақ шақта жөнге салса, түгендесе артық болмас еді-ау.

*Ерекше дайындықты қажет ететін салалардың ахуалын, жай-күйін сараптайтын ғалымдар, сарапшылар, тәлімгерлер даярлау – уақыт талабы. Мерзімі өткен оқ-дәрілердің, қару-жарақ техникаларының көзін құртатын, қоршаған ортаға, экологияға зиян келтірместен оларды өзге мақсатқа жарататын жаңа технологиялар ендіру қажет. Сайып келгенде, заманауи білікті кадр даярлау ісіне көңіл бөлсек, төтенше жағдайларда туындайтын көп қиындықты жеңуге болады.*

Төтенше жағдай зардаптары қоғамдық талқыға түскенде бұқаралық ақпарат кеңістігінде көптеген қисынды пікірлермен қоса қиғаш, бірқыдыру қисықсыңыр сөздердің де тиегі ағытылатыны – белгілі жайт. Соның ішінде Үкімет құлақ асып, қаперге алатын ұсыныстар баршылық.

Мысалы, әскерге шақырылғандардың арасынан талаптыларды іріктеп, сарбаздардың бейіміне қарай арнайы мамандыққа оқытуды ұйымдастыру маңызды. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында:

«Мамандық алудың тағы бір мүмкіндігі армияда берілуі тиіс. Мерзімді әскери қызметтегі сарбаздардың экономикадағы нақты сектор үшін қажетті жұмысшы мамандығын игеру мәселесін пысықтаған жөн» деп нақты тапсырма берді. Сондай-ақ елімізде төтенше жайдайлар қызметі, әскери-патриоттық іс, спорт және денешынықтыру үшін ортақ ғылыми-зерттеу орталығын ашудың да реті бар. Ерекше дайындықты қажет ететін салалардың ахуалын, жай-күйін сараптайтын ғалымдар, сарапшылар, тәлімгерлер даярлау – уақыт талабы. Мерзімі өткен оқ-дәрілердің, қару-жарақ техникаларының көзін құртатын, қоршаған ортаға, экологияға зиян келтірместен оларды өзге мақсатқа жарататын жаңа технологиялар ендіру қажет. Сайып келгенде, заманауи білікті кадр даярлау ісіне көңіл бөлсек, төтенше жағдайларда туындайтын көп қиындықты жеңуге болады. Сонымен бірге «Азаматтық қорғау туралы» заңының әр өңірде қалай орындалып жатқанын сараптаған жөн. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарының алдын алуға және оларды жоюға, төтенше жағдай аймағындағы халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсетуге, өрт қауіпсіздігі мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған баптарымен әр мекемеде, ұйымда ұдайы таныстырып, адамдардың есіне салып отырудың да артықтығы жоқ шығар.

«Бәле қайда деме,
Аңламасаң, аяқ астында» деген халық мақалы атам заманнан айтылып келеді. Ендігі жерде амалын тауып, қатаң сақтық шаралары аясында нақты іс-әрекетке көшпесек, барымызға да, бағымызға да қатер төнуі мүмкін. Құдай немқұрайлықтан, жауапсыздықтан, берекесіздіктен, шалалықтан сақтасын!

**Дархан МЫҢБАЙ,**
*ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты,*
*«Nur Otan» партиясы*
*фракциясының мүшесі*

# Жатақхана жыры таусылар емес

**Жаңа оқу жылындағы студент уайымы – жатақхана. Себебі эпидахуалға байланысты студенттер үйінің 50%-ы ғана толуы шарт. Сондықтан орынға іліге алмағандар пәтер іздеп жүр. Мұны естіген пәтер иелері бағаны көтеріп алған. Ал кейбір аймақта жатақханаға қолы жеткендер студенттер үйінің әлеуетіне көңілі толмайды. Әсіресе, «Серпін» бағдарламасы бойынша медицина университетінде оқыған студенттердің айтар назы бар.**

### ПӘТЕР ІЗДЕУМЕН ӨТІП ЖҮР СТУДЕНТТІҢ КӨП КҮНІ

Иә, бұл мәселе сіз бен біз ойлағаннан да күрделі. Өйткені әлеуметтік желі, мессенджерлер мен сату сайттарындағы пәтер іздеушілердің хабарландыруынан көз сүрінеді. Расымен, баға айтарлықтай көтерілген. Мәселен, елордада пәтер бағасы 150-200 мың теңгенің арасында. Алматыға келсек, бір бөлмелі пәтердің өзін 180 мың деп көрсетіп, оған депозит ретінде 100 мың қосып беруін қалайтын қожайындар бар. Сонда алмалы шаһарда пәтер жалдағыңыз келсе, алғашында қалтаңызда кемі 200 мың теңге болуы керек. Қарағанды мен Көкшетауда да жалдау ақысы аспандап тұр. Әсіресе, Көкшетауда тамыздың ортасында басталған шу әлі басылар емес. Ата-аналар оффлайн оқу дегенде мұндай қиындық туарын болжамағанын айтады. Студенттер болса күніге пәтерақысын төлеп, үйден-үйге көшіп жүр. Қыркүйек басталғанда саябырсып, жағдай оңалар деп күткенімен олай болмай шықты. Университет атына да көптеген шағым түскен. Соның ішінде Ш.Уәлиханов атындағы университетке грантқа түскен студенттер де жатақханадан орын таба алмаған. Солтүстіктегі пәтер қожайындарының да «жібитін» түрі жоқ. Арызшағым толастамаған соң, университет өкілдерінің мәлімдеме жасауына тура келген.

Ш.Уәлиханов атындағы университет 2021-2022 оқу жылында 2 058 студентті қабылдады. Университетте 1 350 орынды 5 жатақхана бар. Орындарды бөлу кезінде бірінші жетім балалар мен ерекше білім беру қабілеті бар студенттерге, содан кейін 1-курстың басқа аймақтарынан келген студенттерге беріледі. Қазір тұруды қажет ететін студенттердің бір бөлігі қалада тұрғын үй іздеумен айналысатынын және бұл проблема тудыратынын түсінеміз. Біз өз кезегімізде студенттерімізді орналастыру үшін «Көкшетау» және «Достық» қонақ үйлерімен келісім жасастық, сондай-ақ жатақханалармен және қоныстандыру бойынша жергілікті сектормен жұмыс істейміз. Студенттер бізге пошта арқылы хабарласа алады», – деген еді университет көпшілік сауалына.

Мәселен, Қызылорда тумасы Сәуле Сәрсембаеваның ұлы «Серпін» бағдарламасы бойынша грантқа

түскен. Ол басқа аймақтан келгені үшін жатақхана берілуі қажет еді. Алайда студенттер үйінен бөлме бұйырмаған. Қазір 10-15 бала болып күндік пәтер жалдап тұрады. Ал жалдамалы пәтердің құны аспандап тұр әрі табу да қиын. Сондықтан студент баласының жағдайына алаңдаған ата-ана университет тарапынан қолдау болмаса, грантты қайтарып береміз деп отыр. Өйткені күндік пәтер жалдап тұратын топ баланың арасында вирус жұғуы, денсаулығының нашарлауы ықтимал.

Ал университет көрсеткен қонақүйлердің бағасы да анау айтқандай арзан емес. Айына 35-40 мың теңге төлеу керек. Есептеп көрсеңіз, 9 айға 360 мың теңге шығады. Мұнан бөлек студенттің керек-жарағы мен тамағы бар. Университет жатақханасында тұрса, жылына шамамен 50-125 мың теңгенің арасында төлер еді.

Байқағанымыздай, «Серпін» бағдарламасы бойынша өзге өңірге оқуға түскен студенттер алданып қалғандай күй кешкен. Себебі олардың жатақханамен қамтылуы бірінші кезектегі мәселе-тін. Сондықтан студенттер «неліктен біз сабақ оқудың орына пәтер іздеп, көшіп-қонып жүруге мәжбүрміз. Оффлайн оқуға көшер тұста жауаптылар неге жағдайды ескермеді?» деп отыр.

### КӨГЕРГЕН БӨЛМЕ, БІТПЕЙТІН КЕЗЕК

Түстіктен теріскейге студенттерді тартып, білім беретін бағдарлама жайлы естігенде қуанғанымыз хақ. Түлектер де бөркін аспанға атып, бағдарламада көрсетілген шарттардың орындаларына сенген. Әсіресе, Семей қаласына оқуға түскен оңтүстік өрендері жатақханадан көңілі қалғанын жасырмайды. Олар шағымданудан қорқып, жыл сайын «биыл жөндеу жүргізер» деумен күн кешкен. Мысалы, «Серпін» бағдарламасымен Семей медициналық университетіне оқуға түскен студенттер білім беруде кінәрат жоғын, алайда жатақхананың халі адам тұрғысыз екенін алға тартты. Оның үстіне қаланың ойлы-шұңқырлы жолы, ескі ғимараттары оқуға түскен жастарды ойландырып қойған.

«Біріншіден, жатақхана ескі және жыл сайын бір студенттің өзінен 84 мың теңге университет қорына түссе де жеткілікті жөндеу жұмыстары жүргізілмейді. Ал жатақханада шамамен 250-ден аса студент тұрады. Екіншіден, душ мүлде жұмыс істемейді, ыстық су жоқ. 3 қабатта бәріне ортақ бір ғана душ бар. Үшіншіден, қыста суық. Бөлмелердің іші көгеріп кетеді. Сосын тағы бір мәселе кір жуатын машина жеткіліксіз. Бір қабатқа бір ғана кір жуатын машина берілген. Ал сол бір қабаттың өзінде 50-ден астам қыз тұрдық. Ойлап қараңызшы, кір жуудың өзіне қаншама кезек?! Ас бөлмесінің жайы тіпті бөлек әңгіме. Жатақханада тұрған 3,5 жыл ішінде студенттер үйі дұрыс жөндеу көрмеді. Жазда көз қылып қабаттарды сырлап, бөлмелерді әктейді, болды. Меніңше, толық жөндеу жұмыстарын жүргізу керек. Әрі оған жағдайлары жетіп артылады», – дейді интерн Балауса Жолдасова.

Қазір ол Павлодар қаласында медициналық білімін жалғастырып жатыр. Семейдегі студенттік өмірмен қоштасқанына дән риза. «Ата-анамның қалтасына салмақ салмайын деп жатақханада тұрдым. Мен сияқты жүздеген студент осылай істеді, білемін. Алайда басшылық соны көре, біле тұра жағдай жасамады. Жатақхананың халіне қарап студенттерді аяйсын», – дейді ол. Болашақ дәрігердің сөзіне қарағанда, «Серпін» бағдарламасы бойынша кей өңірлерде жаңа жатақхана салынып, ендігілеріне жөндеу жұмысы жүргізілгенімен, Семей қаласы қалың ұйқыда. Студенттер бірігіп арыз жазып көруге оқталғанымен, өздеріне қысым келерін білген соң, артық қадамға бармаған. Кейіпкеріміз де басқа қалаға оқуға ауысқасын сонда тәлім алып жатқан студенттердің ахуалына алаңдап, осылайша жәрдем бергісі келеді.

Сонымен, ата-аналар да, студенттер де жатақхана турасында жауапты органдар қандай шешім шығарарын күтіп жүр. 50% толымдылық жүйесін алып тастамаса, іс насырға шабайын деп тұрғандай. Себебі жоғарыда айтқанымыздай, баласының денсаулығы үшін мемлекеттік гранттан бас тартқысы келетіндер бар.

**А.АЙДАРҚЫЗЫ**

# Қылмыстық топтар азаймады

*(Басы 1-бетте)*

«Сотқа дейінгі тергеу барысында ҰҚТ көшбасшылары Б. және Ж. атты азаматтар тұрақты ұйымдасқан қылмыстық топ құрып, оны басқарғаны анықталды. Бұл қылмыстық топта иерархия, көшбасшыларға сөзсіз бағыну және қастандық шараларын сақтау қатаң сақталған. Сонымен қатар олар жасаған қылмыстар ерекше қатыгездікпен ерекшеленді. Қазір айыпталушыларға қатысты қылмыстық істер сотқа жіберілді», – деп хабарлады полиция ведомствосы. Құқық қорғау органдарының мәліметінше, олар елдің оңтүстігінде 15 ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған. Оған үш қарақшылық шабуыл, кәсіпкерлерге қатысты қару қолдану арқылы бес бопсалау, сондай-ақ бұзақылық және қаруды заңсыз сақтау дерегі кіреді.

### ҰҚТ ҰҒЫМЫН НАҚТЫ АНЫҚТАУ ҚАЖЕТ

Белгілі заңгер Джохар Өтебеков «ұйымдасқан қылмыстық топ» ұғымының өзінде нақты тұжырым жоқ деп санайды. Ал негізінде оның белгілі бір анықтамалық ерекшеліктері болуы тиіс. Бірақ осы уақытқа дейін ондай талаптар сақталған жоқ та, екі адам бірге ұсталса да, оларға ҰҚТ деген ярлык тағылды. Бұл дұрыс емес. Шындығына келгенде, ҰҚТ-да міндетті түрде жетекшісі болуы тиіс. Сондай-ақ олар кем дегенде үш адамнан тұруы қажет.

«Белгілі бір уақыттарда мемлекет ұйымдасқан қылмыстық топтарға соғыс жариялады да, бұл біртіндеп осы ұғымның стандартын өзгертіп жіберді. Яғни, оның ҰҚТ екенін немесе ҰҚТ емес екенін дәлелдеу қажетсіз болып қалған дәрежеге дейін жетті. Тергеу мен прокуратура адамдарға ұйымдасқан қылмыстық топ құрды және қатысты деген айыпты жиі тағатын болды. Бір өкініштісі, олардың бұл ұстанымы сотта да қолдау таба бастады. Осы бап бойынша жұмыста экономикалық немесе коррупциялық қылмыстарды бірге жасаған әріптестер жауапқа тартыла бастады. Жоғарғы сотта да ұзақ уақытқа дейін ҰҚТ-лардың жетекшісі болуы шарт емес деген ұстанымда болды. Бұл нонсенс еді. Осылайша, жасалған қылмыстың бабы дұрыс квалификацияланған жоқ», – дейді адвокат.

Джохар Өтебековтың айтуынша, осы жылдың басында Жоғарғы сот осы кемшіліктерді түзеп, ҰҚТ-ға нақты анықтама беретін нормативтік қаулы шығарған. Бірақ іс жүзінде бұл мәселе әлі де болса қойыртпақ күйінде қалып отыр. Өйткені құқық қорғау органдарының ұйымдасқан қылмыспен күресуге құлшынысы қатты. Ал нәтижесінде ұйымдасқан қылмыстық топқа қатысы жоқ адамдар да ауыр баппен сотталып, зардап шегіп жатыр. ҰҚТ-лардың көбейіп кеткен сияқты болып көрінуінің бір себебі де осы болуы мүмкін. Ал іс жүзінде ұйымдасқан қылмыстық топтар көбейіп кеткен жоқ.

### ҚЫЛМЫСТЫҚ АХУАЛ ҚАДАҒАЛАУДА

Келесі бір адвокат Асқар Қаймақов та соңғы уақыттары бұқаралық ақпарат құралдарында ұйымдасқан қылмыстық топтар туралы ақпараттардың көбейіп кеткені шындығында да ҰҚТ-лардың көбейіп кеткенінің белгісі деп ойламайтынын айтады. Өйткені кез келген жерден ұйымдасқан қылмыстық топ құрып, оны басқарып кету мүмкін емес.

«ҰҚТ дегеніміз ауыр және аса ауыр қылмыстар жасау мақсатымен құрылатын ниеттес адамдардың тобы. Ол бір күнде пайда болмайды. Егер бұған дейін мұндайды көп естімеген болсақ, ал кейінгі кезде көбейіп кеткен сияқты болып көрінетін болса, оның да өзіндік себебі бар. Мәселен, бұрындары үш-төрт адам бірігіп қылмыс істесе де, статистиканы бүлдірмеу үшін бұл бапты қолданбаған болуы мүмкін. Қолданған жағдайда да бұқара халыққа қазіргідей жиі хабарланбай қалған. Ал қазір керісінше түрлі себептермен бұл бапты жиі қолданады. Сондықтан да еліміздегі қылмыстық ахуал, соның ішінде ұйымдасқан қылмыстық топтар соншалықты белең алып кетті деп санамаймын», – дейді ол.

Бұрын ішкі істер саласында қызмет еткен адвокат ұйымдасқан қылмыстық топтардың санаттарын жақсы білетінін айтады. Сондықтан да ондай криминалдық элементтердің бірігуіне мемлекеттік күштік құрылымдар мүмкіндік беріп отырған жоқ. Олар ахуалды толық қадағалап отыр. Егер ақпарат құралдарында бәленше ұйымдасқан қылмыстық топ ұсталды деген ақпарат шығатын болса, бұл олардың қарап отырмағанын, кешенді жұмыстар жүргізіп жатқанын білдіреді. Сондықтан да ҰҚТ-лар белең алып кетті деп уайымдамауға болады екен. Ал есірткі зертханаларына келер болсақ, олар да жекелеген адамдар. Қазір есірткіні жасау оңай болып кеткені сондай, жалғыз өзің үйде отырып алып, шағын ғана аспаптардың көмегімен, зертхана ашуға болады. Соның өзін де арнайы органдар мұндай әрекеттердің тамырына балта шауып үлгеріп отыр.

### 69 ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ТЕРГЕЛІП ЖАТЫР

Биылдыққа Ішкі істер министрлігі Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірігіп ел аумағында құқыққа қайшы әрекеттер жасап жүрген ұйымдасқан қылмыстық топтарға қарсы 3 арнайы операция өткізген екен. Соның барысында топтардың жетекшілері мен белсенді мүшелері қолға түскен. Бірнеше адамға халықаралық іздеу жарияланған. Топтардан қару-жарақ, оқ-дәрілер, ақша қаражаты және мүліктері тәркіленген. Барлығы 32 адам ұсталған болса, соның ішінде 9 адамға «қамауға алу» бұлтартпау шарасы қолданылыпты.

«Ішкі істер министрлігі мүдделес құқық қорғау және арнайы органдармен тұрақты негізде өзара әрекет ете отырып ұйымдасқан қылмысқа қарсы шаралар кешенін жүзеге асырады. Осындай шаралардың арқасында 2020-2021 жылдарда 35 қылмыстық топқа қатысты ҰҚТ ұйымдастырғаны және басқарғаны үшін 69 сотқа дейінгі тергеу басталды. Мәселен, 2020 жылы мұндай 36 іс тіркелген болса, биылғы 8 айда – 33 іс. ҰҚТ ұйымдастырушылары мен қатысушыларына қатысты Қылмыстық кодекстің 262-бабы 1,2 бөлімдері (Ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым құру және оларға басшылық ету, сол сияқты оларға қатысу), 188-бабы 4-бөлімі (Ұрлық) және 196-бабы 4-бөлімі Көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемдену немесе өткізу) бойынша қылмыстық іс қозғалды. Тергеу жалғасып жатыр», – дейді ІІМ Криминалдық полиция департаментінің аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі, полиция подполковнигі Самал Мақыбаева.

Осы сұрақты төтесінен қойып, тілдескен қай маманның да айтары осы боп тұр. Әйтсе де, қылмыстық ахуал қанша жерден қадағалауда десек те, түрі көбейген түрлі қылмысты ауыздықтауда бір манипуляция бар-ау деген күдік көкейімізде қалып қойды.

**Н.ҚОСАЙ**

# Алименттен қашып жүр...

*(Басы 1-бетте)*

### АЛИМЕНТ ТАЛАП ЕТПЕЙТІН ӘЙЕЛДЕР БАР

Есесіне елімізде алимент талап етпейтін де әйелдер бар. Себеп, талап етуге арланады. Намыс көреді. «Өзім бағып, өзім жеткіземін» дейтіндер де бар. Ал кейбірі кешірімді келеді. Сөйтіп, жұмсақтық танытады. Бұл бір жағынан намыс болғанымен, екінші жағынан бала алдындағы әкенің міндетін жеңілдетіп жібереді. Алимент төлемеудің тағы бір жолы – азаматтық неке. Мұндай некеде болған азаматтар балаға жауапкершілік танытудан бас тартады. Әйел де ер-азаматтан ешқандай алимент талап ете алмайды. Өйткені ешқандай заңды құжат жоқ. «Алимент орталығының» басшысы Әсел Мырзахан: «Бастапқыда азаматтық неке деген тамаша болып көрінетін шығар. Алайда азаматтық неке дегеніміз – бірге тұру. Бірдене ұнамаса, кете салу оңай. Өйткені ешкімде ешқандай жауапкершілік жүгі жоқ. Ал нәресте жарық дүниеге келісімен бәрі өзгереді. Сәбиге деген жауапкершілік ананың мойнына артылады. Ол дегеніміз – өзін жіпсіз байлау. Әйел адамдар осыны түсінуі тиіс. Бұл мәселеге әу басынан мән беру керек. Ал заңды некеге тұрса, ерлі-зайыптылар бір-біріне деген жауапкершілікті сезінеді. Сонымен қатар ертеңгі күні ажырасып жатса, заңды тұрғыда қорғана алады. Өзіне, баласына тиесілі дүниені талап ете алады» деген еді.

Жыл сайын борышкерлер саны артпаса, кемімей тұр. Елімізде алимент төлемей жүрген қазақстандықтардың нақты қанша қарызы барын анықтау қиын. Әділет министрлігінің өзі «Бұл санды нақты айту қиын. Себебі ол үнемі өзгеріп отырады. Біреуі төлейді, екіншісі қарыздың көлемін өсіріп алуы мүмкін. Алайда бұл мәселеде координация ықпалының артқанын айтуға болады. Мысалы, жергілікті атқарушы билік пен құқық қорғау органдары күш біріктірді» деген еді. Тіпті, борышкерлердің санын азайту мақсатында Алматыда «Бос жұмыс орны» жәрмеңкесі де ұйымдастырылған. Компаниялар тарапынан техникалық мамандықтарға сұраныс артқан. 15 кәсіпорын, 500-ге жуық жұмыс орнын ұсынды. Олар үміткерлердің барлығымен жеке сөйлесіп, мүмкіндіктерін таныстырды.

Әділет министрлігі алимент төлеуден жалтарып жүргендерге талапты қатайта бастады. «Біз полицияның көмегімен алимент төлемей жүргендердің көлігін анықтап, оны тоқтаттық. Осы жылы тоқтатылған және аукционда сатылған көліктердің саны шамамен екі есе артты. Коронавирус пандемиясына қарамастан, алимент мәселесіне баса мән бердік. Осылайша, биыл көлікті, жылжымайтын мүлікті өндіріп алу өтініші мен өндіру саны шамамен екі есе артты. Сонымен қатар алимент төлеуден қасақана жалтарғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған борышкерлер бойынша өсім шамамен екі жарым есе өсті», – дейді министрлік.

### БОРЫШКЕРДІҢ ҚАРЫЗЫ ТӨЛЕНБЕСЕ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ҚОЗҒАЛАДЫ

Жалпы, алимент балаға қалай төленеді? Заңгерлердің айтуынша, алимент ісі бойынша іс сотта қаралады. Немесе баланың әкесі мен шешесі «ай сайын осыншама беріп тұрасың» деп сотқа дейін келісіп алуына болады. Бірақ ондай жағдай бізде өте сирек. Өйткені ажырасқандар бір-бірін көрместей болып кетеді. Заң бойынша күйеуінің қандай табысы болсын, соның төрттен бір бөлігі беріледі. Бұл – бір балаға берілетін алимент. Ал екі балаға үштен бірін беруі керек. Үш немесе төрт бала болса, табысының жартысын төлеуі тиіс. Бұйрық екі жақтың тараптарын сотқа шақырмай-ақ үш күннің ішінде шығарылады.

Ал егер ер-азамат табысын жасырып, азайтып көрсететін болса, не істемек керек?

Төлеушінің кірісін жасыру үшін жалған ақпарат беру жиі кездеседі әрі көбі 42 500 теңге мөлшеріндегі ең төмен жалақыны көрсетеді. Осылайша, алимент ретінде бір балаға 10 625 теңге, екі балаға 14 167 теңге, үш және одан көп балаға 21 250 теңге төлейтіндер бар.

Осыдан екі жыл бұрын сенатор Сәуле Айтпаева осы мәселені Парламент мінберінде көтерген. Ол өз сөзінде: «Ата-анасының өз балалары үшін жауапкершілігінің мөлшері айына ең аз күнкөріс минимумынан (26 915 ) да төмен. Қазіргі жалақының үлестік арақатынасына шаққан алимент өндіріп алу жүйесі баланы толыққанды қамтамасыз ете алмайтындықтан, төлемді өндіріп алуға қатысты көзқарасты өзгертіп, оның ең жоғарғы белгіленетін мөлшерін анықтауды сұраймын» деген еді. Одан бері де екі жыл өтті. Әлі де ештеңе өзгермеген секілді.

Заңгер Эльмира Мұқашеваның айтуынша, борышкер жалақысын жасырмауы керек. «Егер борышкер табысын жасыратын болса, сот орындаушы борышкердің жұмыс істейтін жеріне ресми сауал жолдайды. Бухгалтер міндетті түрде жауап береді. Егер борышкердің ресми жұмысы болмаса, еліміздегі ең төменгі жалақы мөлшері бойынша алимент саны есептеледі. Борышкердің қарызы үш айдан асып кетсе, онда сот орындаушы қылмыстық іс қозғайды», – дейді заңгер.

Ал заңгер Ержан Болатбек болса, заң жүзінде алимент төлемеу үшін ата-ана баласынан бас тарта алмайтынын айтып отыр. «Бірінші мәселе, алимент талап етпейтін аналар бар. Бұл мәселе әлі де өзекті. Не себепті мұндай қадамға баратынын түсінбеймін. Бұлар ең алдымен балалардың құқын бұзады. Олардың ата-ана ретіндегі міндеті – балаға алимент төлеу. Ол ақша анаға қажет болмаса да, балаға керек. Екіншіден, «алимент талап етсек те, ол ақшаны өндіре алмаймыз» деп ойлайды. Бұл дұрыс емес. Дегенмен Әділет министрлігі бақылап, сот орындаушылар да іске кірісіп, соңғы кездері мәселені оң шешуге тырысып жатыр. Ең алдымен бұл ата-ананың міндеті болуы керек. Ал табысын жасырып, нақты алимент төлеуден жалтарып жүрген ер-азаматтар болса, онда олардың үстінен қылмыстық іс қозғалады. Оның мүлкі аресте болады. Әкімшілік қамауға алынады. Егер тағы бір жұмыс орнынан өтірік жалақы алады деген құжат жасалатын болса, онда ол жұмыс берушіге де зиянын тигізеді. Ондай қызмет басшыларына да әкімшілік жаза қолданылады. Менің көптеген бизнесмен клиенттерім бар. Олар ондай құйтырқы әрекеттерге бармайды. Бүкіл табысын жасырмай көрсетеді. Жұмысында мәселе туындағанын қаламайды», – дейді Ержан Болатбек.

Кез келген ата-ана бала алдындағы жауапкершілікті ұмытпағаны абзал. Баласына алимент төлемей, қашып жүрген әкелер көп. Бірақ олар заң жүзінде баласынан бас тартқан жоқ. Сол себепті де алимент төлеуге құқылы. Тіпті, ата-ана құқығынан айырылса да, олар алименттен босатылмайтынын ескергені жөн.

**Айым БЕКТҰР**

# АЭС: ЭНЕРГИЯ ҮШІН НЕНІ ҚҰРБАН ЕТЕМІЗ?

*(Басы 1-бетте)*

Ардақ СҰЛТАН

Өкініштісі, соңғы жылдары Балқаш көлінің тартылып бара жатқаны да жиі айтылып жүр. Курчатов қаласының қасынан ағатын Ертіс өзенінің де жағдайы мәз емес. Балқашқа қажет судың 80 пайызын жеткізетін Іле сияқты Ертістің де басы Қытай жерінде жатыр. Демек, АЭС аталған екі елді мекеннің қайсысына салынса да, суды мол пайдаланады деген сөз. Алайда әзірге қандай реактор қойылатыны, қай елдің технологиясы қолданылатыны белгісіз болғандықтан, АЭС үшін күніне қаншатонна су пайдаланылатынын есептеп шығару қиын. Бірақ Өзбекстанның «Узатом» агенттігінің бас директоры Журабек Мирзамахмудов АЭС үшін қолданылатын су қазіргі жылу электр стансалары пайдаланатын судан көп болмайтынын айтады. Тіпті, АЭС-те пайдаланылған су қоршаған ортаға залал келтірмейтін көрінеді. Мәселен, Мажарстандағы PWR немесе су қысымын пайдаланатын 440 мегаваттық реактор суды Дунай өзенінен алып, пайдаланған соң өзенге қайта құяды екен. Ал Дунайдың суынан балық аулап, адамдар шомылып та жүр. Демек, технологиясы жақсы реакторлардан тым көп қауіп жоқ деген сөз. Алайда Қазақстанда су тапшылығы қазірдің өзінде сезіліп келе жатқанын ескерсек, АЭС салатын орынды таңдауда мұқият болу қажет. Тіпті, үшінші нұсқа ретінде Каспий теңізінің жағалауын таңдағанның өзінде бірқатар мәселе туындайды. Өйткені Каспийдің де суы азая бастағаны белгілі болды. Бір сөзбен айтқанда, «энергия үшін қанша су құрбан етеміз?» дейтін сауалға жауап табу керек болып тұр.

### БҰҚАРА ҚАУІПСІЗДІККЕ АЛАҢДАЙДЫ

Л.Гумилев атындағы ЕҰУ ядрофизика кафедрасының доценті Нұрлан Амангелді АЭС салу мәселесіндегі тағы бір өзекті тұс қауіпсіздік пен мамандар әзірлеу екенін айтады. Оның сөзіне қарағанда, бірінші кезекте реактор таңдау өзекті болмақ. Өйткені энергия тапшылығы жағдайында АЭС-сіз күн көру қиын. Бірақ қандай елдің технологиясын алсақ та, бәрібір мол қаржы кетеді әрі реакторды ұсынған компанияның бірқатар талабы болады. Сол талаптар мұқият зерделенуі тиіс деген пікір білдірді.

«Негізі, елімізде қазірдің өзінде 4 реактор жұмыс істеп тұр. Қапшағайда үшеу, Алматыда біреу бар. Каспий жағасындағы бұрын суды тұщыту үшін қолданылған реактор жұмысын тоқтатқан. Бірақ оны да күтіп ұстау үшін арнайы мамандар жұмыс істеп жатыр. Ал мен айтқан 4 реактор электр энергиясын өндіруге емес, тәжірибе жасауға арналған. Қазір онда мамандарымыз жұмыс істеп жатыр. Демек, өзім атап өткен кейбір мәселені шешуге мүмкіндігіміз бар. Қазақстандық мамандар реакторда жұмыс істей алады. Сонымен бірге реактор салынып біткенше 7-10 жыл кететінін ескере отырып, жаңа мамандар даярлап алуға уақытымыз болады. Бірақ технологияны таңдауда мықтап ойланған дұрыс. Кемі 3+ буынына кіретін реактор пайдаланған тиімді. Одан төмендегілер ескірді», – дейді Нұрлан Амангелді. Ал «Байтақ-Болашақ» экоальянсының төрағасы Азаматхан Әміртай болса елдегі салғырт-салақтық АЭС үшін де қауіпті болуы мүмкін екенін атап өтті. «Бұл жерде екі мәселені атап өтер едім. Алдымен қауіпсіздік мәселесі өзекті. АЭС-тер салып алған соң, ол жарылып кетпей ме? Әскери қоймадағы оқ-дәріге ие бола алмайтын елде АЭС салу қауіпті деп ойлаймын. Егер АЭС жарылса, мұның зардабы сұмдық болады. Бейбіт заманда әскери қоймаларымызды қорғай алмай отырмыз. Екі жылдың ішінде екі жарылыс болды. Екіншіден, АЭС деген жасыл энергетика емес, жаңартылатын энергия көзі болып саналмайды. Біз күн, жел, су энергиясын көбірек қолдануды құптаймыз. АЭС қауіпті», – дейді Азаматхан Әміртай.

Ал Нұрлан Амангелді болса қауіпсіздікті нашарлататын фактордың ең басында жемқорлық тұрғанын атап өтті. «Жемқорлықтың кірмеген саласы жоқ. Егер АЭС құрылысы кезінде сыбайластық болып, ақша жымқырылса елімізге зор қауіп төнеді. Яғни, технологиясы сақталмай жүргізілген құрылыс, орынсыз жерден үнемдеу, мердігерлерге қаржыны дер кезінде бермеу тәрізді әрекеттер құрылыстың сапасыз болуына алып келеді. Тіпті, ескі буын реакторын ұсынатындар да, оны қабылдайтындар да табылуы мүмкін», – дейді ол. Демек, сарапшылардың көбі қауіпсіздікке алаңдайды деген сөз. Оның үстіне, Үкіметке деген сенімнің төмендегені сонша, АЭС салу тәрізді маңызды жобаға да үрке қарап отырған жайымыз бар.

### ӘЛЕМДЕ НЕШЕ АПАТ БОЛЫП ЕДІ?

Негізі, әлемде АЭС-тер мен түрлі реакторларда Чернобыль мен Фукусимадан бөлек ондаған апат тіркелген. Әдетте, зардабы жағынан антирейтингтің басында Чернобыль АЭС-інде 1986 жылы болған жарылыс тұр. Одан кейін зардабы жағынан 2011 жылы Фукусима-1 АЭС апаты тұр. Ал 1979 жылы АҚШ-тағы Three Mile Island АЭС-індегі апат үшінші орынға шығады. Сол апаттан ауаға радиоактивті инертті газ тараған. Апат салдарынан төңіректегі 200 мыңнан астам адам көшірілген еді. Мұны антирейтингте екінші орынға қоюға болады. Бұдан бөлек, 1952 жылы Канаданың CANDU тәжірибелік реакторында, 1961 жылы АҚШ-тың АЭС SL-1 тәжірибелік реакторында, 1969 жылы Францияның Сен-Лоран-дез-О АЭС-інде, 1999 жылы Жапонияның Токаймуре АЭС-іне отын даярлайтын нысанында, 2004 жылы Жапонияның «Михама» АЭС-інде апат болған. Әрине, реакторлардағы түрлі апат бұлармен шектелмейді. Бірақ әдетте ірілері ретінде осы нысандардағы апат саналады. Бір атап өтер жайт, Фукусимадағы апаттан басқа оқиғалардың барлығында дерлік адам факторы бірінші орынға шыққан. Яғни, оператордың қателігі, орынсыз тәжірибе дейсіз бе, әйтеуір адамның араласуының кесірінен реакторлар мен оларға қызмет көрсететін түрлі нысанда апат тіркеліпті. Демек, АЭС-ке қажет технология жетілгенімен, адамның салғырттығын жою мүмкін болмай тұр деген сөз. Одан бөлек, су тасқыны, жер сілкінісі тәрізді табиғи апаттардан қорғау мүмкіндігі де ескерілуі тиіс. Әйтпесе, АЭС қай жерге салынса да төңіректі жайпап кетеді. Фукусима-1 АЭС-індегі апатқа жер сілкінісі мен цунами себеп болған.

### 11 ТҮРДІҢ ҚАЙСЫСЫН ТАҢДАЙМЫЗ?

МАГАТЭ-нің классификациясы бойынша энергетикалық ядролық реакторлардың 11 түрі бар. Дегенмен әлемде ең көп тарағаны – қысымы жоғары су пайдаланатын реакторлар. Олар жаһандағы барлық ядролық реактордың 62 пайызын құрайды. Ал BWR немесе «қайнайтын» реактор деп аталатын тағы бір түрі барлық реакторлардың 20 пайызын құрайды. Қалғаны өзге 9 түрдегі реактор. Сонымен бірге олар 1, 2 және 3 буын реакторлары, 3+ реакторлары деп те бөлінетіні бар. Яғни, таңдау мүмкіндігіміз зор деген сөз. Таңдағанда да жан-жақты, ешкімнің айтқанына еріп кетпейтін өз мамандарымыз таңдауы керек. Әйтпесе, АЭС саламын дейтін елге реактор ұсынатын мемлекеттер аз емес. АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Жапония, Корея, Қытай мен Ресей дейсіз бе, әйтеуір тауарын ұсынатындар табылады. Бірақ Қазақстанның таңдау құқы шектеулі тәрізді. Өйткені көптеген сарапшылар Ресей АЭС салуда тізеге басып, жобаны өзі алуды көздейтінін алға тартады. Тіпті, Өзбекстандағыдай түрлі талаптар да қоюы мүмкін. Егер АЭС-ті Ресей салатын болса, мамандар тек Ресейде оқиды, қосалқы бөлшектер де теріскейден келуі қажет, техникалық-сервистік қызмет те ресейлік болуы тиіс дегендей көптеген талап қоюы мүмкін. Сондықтан Қазақстан үшін энергетикалық жоба саналғанымен, Ресей үшін саяси құрал болмақ. Өзге өнімдері әлемдік нарықта бәсекеге төтеп бере алмайтынын білетін Мәскеу көршілері мен әлсіздеу елдерге бейбіт атом жағынан көмектесудің кейпін танытып, өзінің ықпал ету аясынан шығармауды көздейді. Мәселенің қиын тұсы да – осы.

**P.S. Айтпақшы, ядролық реакторлар арқылы энергия өндірудің түрлі тәсілі де жан-жақты қарастырылып жатыр. Мәселен, биыл шілдеде қытай ғалымдары торий мен тұзға негізделген реактор жасауға кіріскенін мәлімдеді. Тәжірибелік реактор 2021 жылдың аяғына дейін жасалып қоюы керек. Ал өнеркәсіп үшін оны қолдану 2030 жылдан басталмақ деседі. Салқындату үшін су қажет болмайтын осынау реактор экологиялық тұрғыда мейлінше қауіпсіз саналатын болса керек. Осындай реактордың 1946 жылы жобасы жасалғанымен, нақты жүзеге асыру мүмкіндігі енді ғана қолжетімді болғанға ұқсайды. Бұл – ғылым мен технологияның дамуының нәтижесі. Қазақстан да осындай ғылыми жаңалықтарға көңіл бөлгені жөн-ау.**

# ОЙЫЛДЫҢ ОБАЛЫ КІМГЕ?

**Әлемдік су тапшылығы соңғы жылдары біздің елде де өткір сезіле бастады. Климаты жағынан құрғақ аймақ болып отырған Атыраудағы Жайық өзенінің тартылуына Ойылдың мәселесі қосылды. Төрт түлік мал мен егінді суаруды айтпағанда ауызсудың өзі ауылдық жерлерде «қасқалдақтың қанындай» болып тұр. Бүгінде осы проблема жергілікті қоғам белсенділерінің табандылығының арқасында үкіметтік деңгейге жетті.**

### ОЙЫЛ ҚАЙДА, ЖЕМ ҚАЙДА?..

Ойыл өзені – Ақтөбе облысындағы Темір ауданы Еңбек ауылы тұсындағы бұлақтан бастау алып, Атырау облысындағы Ақтөбе көлі тұсында тартылып қалады. Жалпы ұзындығы – 800 шақырым. Оның ішінде Ақтөбе облысы бойынша 522 шақырым, ал Атырау облысы бойынша 278 шақырымды құрайды.

Қызылқоға ауданында Ойыл бойын 18 мыңдай тұрғын мекендейді. Олардың ауызсуы, төрт түлік малы мен аң-құстарының жағдайы осы Ойылға келетін өр суына қарап отыр.

Ойыл өзені ағынсыз өзендер қатарына жатады және жаз айларында су көлемі азаяды немесе тартылып қалады. Өзендегі су көлемі көктемгі еріген суға тәуелді, яғни күзгі топырақтың ылғалдылығына, қысқы қардың түсіміне, көктемгі жауын-шашынға тікелей байланысты. Гидрографиялық орналасуына байланысты көктемгі жиналған судың 70-80 пайызы ағып өтіп кетеді.

«Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы» ММ басшысы Ғалидолла Әзидуллиннің айтуынша, көктемгі су тасқыны кезінде барлық өзендерде су тасығанымен, жаз кезінде кеуіп қалады. Бұлақ көздері туралы деректер жоқ. Ойыл өзенінің орташа көпжылдық су ағыны 127,0 млн м$^3$. Қазгидромет орталығы Ақтөбе филиалының деректері бойынша, өзеннің Ойыл селосы тұсындағы соңғы 5 жылдық су ағыны 2016 жылғы су ағыны 360,0 млн м$^3$, бұл қалыпты норманың 283 пайызы болса, 2018 жылы көрсеткіш күрт төмендеген. 2020 жылғы су ағыны 13,6 млн м$^3$, бұл қалыпты норманың 10,1 пайызын құраған.

– Ойыл өзенінің жағдайы көңіл көншітерлік емес. Себебі су ағыны реттелмеген. Әлеуметтік желілерде Ақтөбе облысының Ойыл өзеніне құятын салаларында орналасқан бірқатар бөгет көрсетілген бейнеролик жарияланып, сюжет авторларының пікірінше, Ойыл өзенінің төменгі ағысында су көлемінің аз болуы дәл осы құрылыстарға байланысты делінген. Инспекция тарапынан 2021 жылғы наурыз айында Ойыл және Жем өзендерінің гидрологиялық жағдайына қатысты бағытталған мәселелерді шешуге іс-шара жасақталып бекітілді. Жасақталған іс-шараның негізгі мақсаты – өзен арналарының гидрологиялық жағдайына әсер ететін жасанды және табиғи кедергілерді анықтау, – дейді Ғалидолла Әзидуллин.

### 50 БӨГЕТ ИЕСІЗ

Ойыл өзені туралы мәселе көтеріп жүрген белсенділер мен Ақтөбе облысының және аудандық әкімдіктер өкілдері қатысқан комиссия Ақтөбе облысының Мұғалжар, Қобда, Темір және Ойыл аудандары аумағында Ойыл өзенінің жоғары ағысында және бассейнінде барлығы 57 әртүрлі нысандағы гидротехникалық құрылыс барын анықтаған. Оның сегізі – республикалық меншікте, үшеуі – коммуналдық меншікте. Иесіз бөгет саны – 34, көпір немесе көтерме жол – 5; тазартуды қажет ететін бұлақ саны – 7. Бөгеттердің барлығы өзен арнасында орналасқаны анықталған. Олардың көпшілігі сай-салаларда Кеңес Одағы кезінде салынған және бүгінде көпшілігі қирап, судың еркін ағысына кедергі келтіруде. Комиссия тарапынан Ойыл өзенінің төменгі ағысын сумен қамтамасыз ету үшін ұсыныс енгізілді және инспекция тарапынан Ақтөбе облысының жергілікті атқарушы органына иесіз бөгеттердің пайдалану қағидаларының болмауы, Ойыл өзенінің төменгі ағысының сулығына кері әсер ететінін ескерте отырып, иесіз бөгеттерді бұзу жөнінде шаралар қабылдау ұсынылды.

Ойыл өзенінің күрделі жағдайы туралы жергілікті тұрғындардың жанайқайын атқарушы органдарға жеткізуші «Ойыл өзені» қоғамдық қорының мүшесі Есенбай Нұровтың айтар уәжі жоқ емес. Ұзақ уақыт құрылым басшылары мен депутаттарды, министрліктер назарын бүгінде қордаланған мәселеге назар аудартқан «Ойыл өзені» қоғамдық қоры мүшелерінің жанайқайы шенділерге жетті.

Тамыз айының соңында Экология вице-министрі Серік Қожаниязов, Экология министрінің кеңесшісі Сәрсенбай Еңсегенов, Су ресурстар комитеті төрағасының орынбасары Досбол Бекмағамбетов, «Қазсушар» РМК бас директоры Алтай Елжасов Атырау облысына іссапармен келді.

Қызылқоға ауданында атыраулық және ақтөбелік белсенділермен кездесті.

«Ойыл өзені» қоғамдық қорының мүшесі Есенбай Нұров пен жергілікті тұрғындар Ойыл өзенінің төменгі ағысында су көлемінің азайып жатқанын хабарлады. Оған себеп – «су құятын салаларында орналасқан бірқатар бөгеттің орналасуы», – дейді.

– Қоғамдық ұйымның атынан өткен жылдан бері Ойыл өзені бассейніндегі экологиялық зардап келтірген, яғни Ойыл өзенінің төменгі сағасы тартылып қалуына себепкер болып отырған адами факторды зерттеп келеміз. Ойыл жанашырларының ұйымдастыруымен Ақтөбеде екі рет, Атырауда бір рет онлайн конференция ұйымдастырдық.

Ойыл өзенінің бастауына дейін 5 рет экспедицияға қатысып, 50-дін үстінде бөгет анықтадық. Биыл қаңтар айында Атырау қаласына келген Экология, геология және табиғи ресурстар министрі М.Мырзағалиевке жолығып, қолымда бар құжаттарды тапсырдым. Министр Мағзұм Маратұлының кеңесшісі Сәрсенбай Еңсегенов Ойыл өзені бассейніндегі Мұғалжар, Темір, Ойыл, Қызылқоға тұрғындарымен кездесіп, мән-жайды анықтауға келді. Бір топ Ойыл жанашырларымен бірге аралап, жиындарына қатыстым. Көптеген мәселелер талқыланды. Министрліктен келген су мамандары үстіміздегі жылдың мамыр айында зерттеуге келуге уәделерін беріп кеткен болатын.

Ал сәуір айында қысқы қар еріп, көктемгі өр суы тасып жатқан уақытта Қызылқоға ауданынан 3 еріктілер тобы шығып, Ойыл өзені салаларының жоғары беткейінен аққан өр суы бөгеттерге тіреліп, негізгі Ойыл өзенінің арнасына құялмай тұрғанын бейнебаян арқылы айғақпен дәлелдеп, әлеуметтік желілер арқылы дабыл көтердік. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа әлеуметтік желіден Ойыл өзеніндегі экологиялық жағдайды баяндап, үндеу жарияладық. Мамыр айында аталмыш министрліктің Су ресурстар комитеті төрағасының орынбасары Досбол Бекмағанбетов осы Миялы ауылына келіп, сәуір айындағы Ойыл жанашырлары анықтаған бөгеттерді 4 күн аралап, барлығын көріп шықты. Біздің мақсатымыз – заңды құжаты жасақталмаған барлық бөгетті бұзып, өзен суының еркін өтуіне қол жеткізу, – деген «Ойыл өзені» қоғамдық қорының мүшесі Есенбай Нұров тиісті құрылымдар басшылары бас қосқан жиыннан жұмыс нәтижесін күтетінін айтты.

### ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚАЖЕТ

Ауданда өткен жиында гидрогеология саласының ардагері Едіге Сабуров сөз алды. Кәсіби маманның айтуынша, Ойыл өзеніндегі бөгеттердің заңды нормативті құжаттары жоқ. Жалпы, Ойыл өзені бойынша төтенше жағдай жариялануы керек. Ойыл өзені иесіз қалғандай. Кеңес кезінен күні бүгінге дейін кез келген адам өздеріне арнап бөгеттер салған. Тіпті, жолды қысқарту үшін топырақпен бітеп, бөгет салған. Бөгеттердің иелері жоқ. Ол бөгеттерді кім тұрғызды, заңды ма, жоқ па, оны жергілікті атқарушы билік те, Үкімет те бақылап, назарға алып отырған жоқ. Немқұрайлылық белең алған.

– «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» деген сөз бар. Бөгеттердің иесі болмауы – соның көрінісі. Заңдылығында әрбір тамшы судың сұрауы болуы керек. Өңірдегі инспекцияның жұмысын көріп отырғанымыз жоқ. Біз көрген бөгеттердің барлығының инженерлік және экологиялық негіздемесі, төлқұжаты болуы шартты. Ол құжат мемлекеттік тіркеуден өтуге міндетті. Инженерлік негіздемеде суды қалыпты жағдайда өткізіп отыратын құрылғысы болып, экологиялық негіздемеде бөгеттердің болуы флора мен фаунаға, ауаға зияны тимейтіндей зерделенуі қажет. Мемлекет басшысы жалтақтамай жұмыс істеуді тапсырды. Сондықтан иесі жоқ бөгеттердің артында өңірдегі беделді адамдар тұрса, жергілікті атқарушы органдар олардың ықпалына кетпеуі керек деп ойлаймын. Ендігі бұл проблеманы шешудің ең негізгі екі нұсқасын айтсақ, алдымен шұғыл түрде 2022 жылы көктемде өр суы жетуі үшін бөгеттердің барлығын алып тастау қажет. Екінші кешенді жоба – Ойыл өзенін гидрогеологиялық тұрғыда ғылыми-зерттеу керек. Бұл экономикалық-экологиялық мәселелерді шешуге арналған кешенді жұмыс болып, соның нәтижесінде ғылыми қорытынды шығарылып, «Ойыл өзенін сақтау үшін не істеу керек?» деген сауалымызға жауап алуымыз қажет, – дейді гидрогеология саласының ардагері Едіге Сабуров.

Атырауда болған іссапар жиынында тиісті министрліктің өкілдері тарапынан Ойыл өзені бойындағы заңсыз салынған бөгеттер бұзылып, өзен арнасын тазарту жұмыстары басталатыны айтылды.

«Халықтың қойып отырған талабы орынды. Көтерілген мәселе бойынша екі облыс әкімдігімен бірлесе жұмыс істейтін болады. Заңсыз салынған бөгеттер бұзылады», – деді Экология министрінің орынбасары Серік Қожаниязов.

Сондай-ақ Су ресурстар комитеті төрағасының орынбасары Досбол Бекмағамбетов аталған мәселені шешу үшін жоспар құрылғанын айтты. Мәселен, Жайық-Каспий бассейндік инспекция тарапынан осы жылдың наурыз айында Ойыл және Жем өзендерінің гидрологиялық жағдайына қатысты бағытталған мәселелерді шешуге арналған іс-шара бекітілген.

«Иесіз су шаруашылығы құрылыстары табылған жағдайда, оны көзделген мақсатта іс-шара рәсімдерін жүргізу жергілікті атқарушы органның құзыретіне жатады. Осыған орай әрбір салынған құрылыс нысаны бойынша Ақтөбе облысы әкімдігіне бұлақтарды тазарту, кедергі келтіріп тұрған бөгеттерді транзиттік режимге қою және өзен арнасын толықтай жауып тұрған бөгеттерді бұздыру бойынша ұсыныс жасалды. Сондай-ақ Атырау облысы әкімдігіне Ойыл өзенінің төменгі ағысын сумен қамтамасыз ету бойынша ұсыныс берілді», – деді Досбол Бекмағамбетов.

**P.S. Мақаламыз дайындалып жатқан сәтте Ақтөбе облысы Темір ауданы тұсындағы Ойыл өзені бойында заңсыз салынған бөгеттер бұзылып, өзен арнасын тазарту жұмыстары басталғаны туралы ақпарат жетті. Иесіз су шаруашылығы құрылыстарының алынып тасталуы, Ақтөбе мен Атырау облысының тұрғындары үшін аса маңызды. Дегенмен жергілікті атқарушы билік дәрменсіздік танытып, ал кәсіби мамандар мен қоғам белсенділері қозғау салған бұл мәселе толықтай шешіледі деуге әлі ерте. Ойыл өзенінің проблемасының түйіні тарқатыла бастады ма, жоқ па, оны келер жылдың көктемі айқындап береді.**

**Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ,**
*Атырау облысы*

aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

# ОТБАСЫНДАҒЫ ОЙРАН

**Тұрмыстық зорлық-зомбылық айта-айта жауыр болған мәселе десек те, әлі күнге дейін осы түйіннің бір шешімі табылмай келе жатқаны жасырын емес. Күн сайын жүздеген әйел қит етсе, жұдырық ала жүгірген еркектердің құрбанына айналады. Көпшілігі жабулы қазанды жабулы күйінде қалдыруды жөн көргендіктен, отбасындағы талай ойраннан қоғам хабарсыз.**

Петропавл қаласындағы «Ана» үйіне Нұр-Сұлтаннан ауыстырылған 29 жастағы Екатерина Қанатқа тұрмысқа шыққалы көрген күні қараң болғанын айтады (аты-жөндері өзгертіліп алынды). Таныстықтан соң өзін тек жақсы қырынан көрсетуге тырысқан жігіт ара-тұра болашақ жарына дауыс көтеріп, кейде жақтан тартып жіберуден де тайынбаған. Бірақ кейін кешірім сұрап, ренжімеуін өтінген. Мұндай әрекеті кейін тыйылады деп сенген Екатерина оған тұрмысқа шыққан соң күйеуі көзіне көк шыбын үймелетіпті. Жұмыссыз қалып, пәтер жалдау ақысын төлей алмағаны, қарызға белшесінен батқаны, ішімдікке үйір болып, күні-түні оңды-солды қыдырғаны өз алдына, үнемі әйелін ұрып-соғып, кемсітіп, айғай-ұйғайдан көз аштырмаған. Түнде бір жаққа кетсе де, әйелі мен жаңа туған баласын құлыптап, қамап кеткен. «Үйде қамаулы жатқандықтан, түнде баламның дене қызуы көтеріліп, ауырып қалған кезде талай рет жедел жәрдем де шақыра алмадым. Барлық құжаттарымызды да ол өзімен бірге алып жүретін болды. Күнде дауласуға айналдық. «Отырсам – опақ, тұрсам – сопақ» күй кештім. Кір жуғаным, үтіктегенім, балаға памперс кигізгенім, бәрінен кемшілік тауып, қит етсе, маған жұдырық ала жүгіретін болды. Өзімді сабақ оқымай келген оқушы құсап, үнемі кінәлі сезінуге айналдым», – дейді Екатерина. Күйеуінен талай құқай көрген келіншек ақырында полиция шақыруға мәжбүр болған. Сол үшін де сазайын тартқан әйелін күйеуі бұдан соң тіпті ұр тоқпақтың астына алған. Ақыр-аяғында Екатерина ешбір құжатсыз жалдамалы пәтерінен қашып шығып, «Ана» үйіне орналасыпты. Мұнда да Қанат келіп мазалай берген соң дағдарыс орталығының басшылығы оны Петропавлға ауыстыру туралы шешім қабылдаған. «Мұнда өзімді қауіпсіз ортада жүргендей сезінемін. Ең алдымен, ұлым туралы ойлар мазалай берді. Отбасындағы ойранды көріп өскен ол ертең әкесі сияқты болмасына кім кепіл? Сондықтан оған дұрыс тәрбие беру мәселесі көбірек мазалайды», – дейді ол.

Оның пікірін «Ана» үйінің үйлестірушісі Меруерт Көшембаева да қолдады. «Тұрмыстық зорлықтың алдын алғымыз келсе, ең алдымен, отбасындағы ұлдың тәрбиесіне мән беру керек. Бастысы, әлсіз әйелдер мен қыздарға әлімжеттік жасауға болмайтынын ұл баланың санасына жастайынан сіңірген абзал. Сонда ғана ер азамат деген атқа лайық жігіттер өсіп шығады. Әйелдерін ұратын еркектерге қарасам, содан өздері ләззат алатын сияқты. Мұндай кісілерді адам өлтірушіге теңер едім. Өйткені олар әйелдің бойындағы барлық асыл қасиеттердің тамырына балта шабады. Мұндай еркектерді заң бойынша барынша қатаң жазалау керек. Күйеуі сабаған әйелдер құр сүлдерін сүйретіп жүрген тіршілік иелері тәріздес. Бізге көк ала қойдай болып келген қыз-келіншектердің барлығы дерлік балалар үшін бәріне шыдайтынын айтады. Бұл түп-тамырымен дұрыс емес», – дейді «Ана» үйінің үйлестірушісі Меруерт Көшембаева.

### АГРЕССОРЛАРМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ШОРТ КЕСКЕН ДҰРЫС

Солтүстік Қазақстан облыстық Полиция департаментінің мәліметінше, осы жылдың сегіз айы ішінде осындай құқықбұзушылық жасаған 1 378 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оның 493-і тұтқындалған, 191-і ескерту алған және жетеуіне айыппұл салынған. 1 700-ден астам қорғау ұйғарымы шығарылып, оны бұзған 100 шақты адам жауапкершілікке тартылған. Тұрмыстық саладағы әкімшілік құқықбұзушылық үшін кінәлі адамдардың жүріс-тұрысына сот 440 ерекше талап қойды. Қорғау ұйғарымы немесе ерекше талап қойылған адамдар міндетті түрде ішкі істер органдарына есепке алынады. Оларды полиция қызметкерлері аптасына кем дегенде бір рет мүдделі орган, мәселен, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, қорғаншылық, білім беру мекемелері мамандарымен бірге тексереді. Бұған қоса тәртіп сақшылары тәуекел тобындағы жанжалқойларды да ұдайы бақылауға алған. Отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынас саласындағы қылмыстардың алдын алу үшін «Тұрмыс», «Отбасындағы зорлыққа жол жоқ!» жедел алдын алу шаралары өткізіліп тұрады. Осындай шаралар нәтижесіз де емес. Облыстық Полиция департаменті баспасөз қызметінің мәліметінше, биыл осы тектес қылмыстар 13 пайызға азайған.

Бірақ бұған тоқмейілсуге әсте болмайды. «Әйелдерді қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігі жанындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған уақытша тұру орталығы бір босаған емес. Осы жылдың сегіз айы ішінде осы баспанаға 55 адам жолданған. «Әйелдерді қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Алина Орлованың айтуынша, баспана небәрі 20 орынға шақталғанымен, кейде көмекке жүгінген әйелдердің саны бұдан әлдеқайда асып кететін көрінеді. Мұндайда орталықтағы қыз-келіншектерге сығылыса тұрудан басқа амал жоқ. «Әйелдер өздері де дәл осындай жағдайды бастарынан өткергендіктен, түсіністік танытады. Кейде араша сұрап келген нәзік жандыларды ойын бөлмесіне орналастырамыз. Мұндай жағдайлар, әсіресе мереке күндерінде жиі кездеседі. Мұның себебін бірнеше күнге созылған демалыстарда арақ-шараптың салдарынан тұрмыстық зорлық көбейе түсетінімен байланыстырамын», – дейді Алина Геннадьевна. Қоғамдық бірлестік төрайымы ер адам әйелге бір рет қол көтерсе, жұдырық ала жүгіруін ешқашан доғармайды деген пікірде. Сондықтан оның пікірінше, мұндай еркектермен қарым-қатынасты бірден үзу керек. Өкінішке қарай, орталық әйелдерді алты айдан артық ұстай алмайды. Жарты жылдан соң олардың басым бөлігі отбасына оралуға мәжбүр. Себебі пәтер жалдауға немесе үй сатып алуға әркімнің шамасы келе бермейді. «Әйелдер ерлерді кешіретіндіктен әрі ер адамдар өздерінің жазадан оңай құтылатынын ұғынғандықтан, отбасындағы ойран жалғаса бермек. Біздің елімізде агрессорларды жөнге салуға бағытталған бағдарламалар баршылық. Олар «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңда да көрсетілген. Бірақ іс жүзінде одан пайда шамалы болып тұр. Мәселен, Америка Құрама Штаттарында жұдырығына сенген еркектерді тезге салудың екі жолы бар: оңалту курсынан өту, мұнымен келіспесе, бір-бір жарым жылға түрмеге қамау. Басқа жол жоқ. Бізде де осындай жүйені енгізсе, жағдай біршама түзелер ме еді?» – дейді Алина Орлова. Оның айтуынша, нәзік жандылар жәбір көрсетуші қанша жалынып-жалбарынса да, ешқашан кешірмей, қайырылмағаны, агрессорлармен байланысты шорт кескені дұрыс. Орталықтың көмегіне жүгінген жандардың арасында мұндайлар бар көрінеді. «Бірақ өкінішке қарай, біреннсаран ғана. Ондай әйелдермен біз ешқашан қарым-қатынасымызды үзбейміз. Қиын кезде қолдауға әрқашан дайынбыз», – дейді төрайым.

Орталықтың және «Ана» үйінің көмегіне жүгінген әйелдер қызмет көрсету саласындағы сұранысқа ие мамандықтарды меңгере алады. Тырнақ әрлеуші, аспаз, тігінші мамандықтарын меңгеріп, өз қолдары өз ауыздарына жеткен келіншектер де жоқ емес. Сондай-ақ дағдарыс орталықтарында әлеуметтік, медициналық, тұрмыстық, психологиялық, педагогикалық, құқықтық көмек те көрсетіледі.

### ТЕК ПОЛИЦИЯНЫҢ БАС АУРУЫ ЕМЕС

Отбасы ойрандалған әйелдердің басым бөлігі «Басқа түссе, баспақшыл» деп, ұятты ойлап іштен тынады. Көрген күнін жұрт естісе, масқара болады деп, көнгеннен басқа амалы жоқ. Полициямен тікелей байланыстан қаймығатындары қаншама?! Сол себепті облыс орталығында ақпараттық-түсіндіру мақсатында Telegram арнасы және WhatsApp мессенджерінде қауырт желі құрылды. Telegram арнасында қазірдің өзінде 70-тен астам жазылушы бар. Олардың жартысы – тұрмыстық зорлықтан зардап шеккендер. Осы мессенджерлер арқылы биыл 10 әйел хабарласып, олардың барлығына да көмек көрсетілді. Екеуі – баспанаға, біреуі «Ана» үйіне орналастырылып, қалғандарына заңгерлік ақыл-кеңес берілді. Жергілікті Полиция қызметі басқармасының аға инспекторы Әсия Әбжанованың айтуынша, зорлық-зомбылық кейде сырт көзге жайлы көрінетін отбасыларда да кездеседі. «Мұндай әйелдер кейде үй жанындағы дүкен сатушысынан, дәріхана фармацевтінен көмек сұрап, полицияға хабарлауын өтінеді. Сондықтан біз әрдайым әртүрлі сатушылармен, тіпті тұтас ұжымдармен түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз. Тұрмыстық зорлық туралы жасырын хабардар ету алгоритмі жасалған. Биылдан бастап әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу, ана мен баланы қорғау, отбасының рөлін нығайту мақсатында министрдің бұйрығына сәйкес әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелердің штат саны кеңейтілгені де бұл мәселеге тиісінше көңіл бөлінетінінің белгісі», – дейді Әсия Серікқызы.

Дегенмен отбасынан жылу таппай, қиын жағдайға тап болған әйелдердің тауқыметі тек полицияның бас ауруы болмауы тиіс. Тұрмыстық зорлық бір отбасының ғана емес, бүтіндей қоғам дертіне айналып бара жатқандықтан, бұған көз жұмып қараудан арылу керек. Отбасы құндылықтарын насихаттауға, отбасы институтын нығайтып, зорлық себептерінің алдын алуға көңіл бөлмейінше, мәселе оң шешімін табуы неғайбіл.

**Роза ШӘКЕН,**
*Солтүстік Қазақстан облысы*

# Ақмолада есірткі бизнесі өршіп тұр

**Елімізде есірткі бизнесіне тосқауыл қою шаралары өткізіліп жатқанымен, ебін тауып, «тауарын» сатып, табыс тауып жатқандар көп. Әсіресе, синтетикалық есірткіні саудалағандардың дәурені жүріп тұр. Ақмола облысында да соңғы кездері есірткі сату мен оны тарату оқиғаларының жиілеуі алаңдатады. Тіпті, өркендеп, қанатын кеңге жайып алған сыңайлы. Мәселен, Көкшетау қаласының іргесіндегі саяжайлар мен қаланың шеткі аудандарының тұрғындары есірткі көмушілердің маңайларында жиі толып жүретінін айтады. Ал олармен күресте құқық қорғау органдарының әрекетіне көңілі толмай отыр…**

### ЕСІРТКІ КӨМУШІЛЕРДЕН ӘБДЕН ҮРЕЙЛЕНІП БОЛҒАН...

Саяжай тұрғындарының айтуынша, тар көшелерді түн ішінде торуылдап, электр бағандарының түбін қопара қазып жүретіндер жиілеген. Тіпті, көлікпен әкеліп тастаған нашақорлар күні-түні жұртқа маза бермейтін болған. Бірнеше мәрте қуып, кейбірін учаскелік инспекторларға ұстатып жібергенімен, бұл есірткі көмушілердің қарасын азайта алмапты.

«Бұған дейін саяжай көшелерінде бөгде адамдарды аса байқамайтынбыз. Ал соңғы кездері түнгі уақыттарда көшеде, тіпті үйіміздің тап іргесінен нашақор адамдар көзге жиі шалынып жүр. Олар электр бағандарының жанын шұқылап, қазып, әлек болып жатады. Адамдардың бойында үрей пайда болды. Үйде балалар жалғыз қалып жатады. Түн ішінде далаға шығудан қорқып қалған. Тіпті, жұмысымыз ауыр болса да, түн ішінде кезекшілікке шығып, маңайымызды торуылдап жүретін болдық. Осымен бірнеше рет нашақорларды ұстап, айқайлай қуып әуре болдық. Учаскелік инспекторларға ұстап беріп те жатырмыз. Бірақ бұл әрекетіміздің түк шықпайтынға ұқсайды. Полиция қызметкерлері бір-екі рет келіп кетті. Бірақ бұл біздегі нашақорлардың торуылдауына титтей де әсерін тигізген жоқ», – дейді Көкшетау – Красноярь бағытындағы саяжай тұрғыны Серік Махметов.

### ӨҢІРДЕ «СИНТЕТИКАЛЫҚ» ЕСІРТКІ ҚЫЛМЫСЫ ӨРШІ ТҮСКЕН

Құқық қорғаушылар да есірткі бизнесінің түрленіп, интернет дүкен алаңдары арқылы да сату жолдарының пайда болғанын мойындады. Облыстық Полиция департаментінің Нашақорлыққа қарсы күрес басқармасы мәліметінше, әсіресе синтетикалық есірткіні саудалау оқиғалары тым жиілей түскен. Ал орамдағы синтетикалық есірткіні қаланың әр түкпіріне тасымалдап тығып тастайтындар да шамадан тыс көбейген.

Басқарманың мәліметінше, жыл басынан бері Ақмола облысында синтетикалық есірткі заттарын заңсыз шығару фактілері бойынша 11 қылмыстық құқықбұзушылық, синтетикалық есірткі заттарын сақтау фактілерімен 25 қылмыстық оқиға тіркелген. Осылайша, заңсыз айналымнан 472 грамм синтетикалық есірткі тәркіленіп алынған.

«Өкінішке қарай, есірткі бизнесінің сату және таралу оқиғалары азаймай тұр. Полиция басқармасымен синтетикалық есірткі заттарының таралуын және интернет ресурстардың қолданылуының алдын алу мақсатында мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен волонтерлік қозғалыстар және «Өмір жолы», «Феникс», «Өмір» сияқты қоғамдық қорлармен бірлесіп есірткіге қарсы профилактикалық шаралар жүзеге асырылады. Жыл басынан бері ғана үкіметтік емес ұйым өкілдерінің қатысуымен 9 рейд іс-шарасы өткізіліп, көшелерде есірткі сататын мекенжайлар көрсетілген 150-ден астам жазу анықталды және өшірілді», – дейді Ақмола облысы Полиция департаментінің Нашақорлыққа қарсыз күрес басқармасының маманы Рәзия Курсанова.

### ҚОЙ ТЕРІСІН ЖАМЫЛҒАН ЖАРНАМА КӨП...

Қала тұрғындары сондай-ақ интернеттегі жарнамалық сайттарда да есірткі бизнесінің өркендеуіне жолдың ашық екенін айтады. Әсіресе, «курьер қызметі вакансиясы» көбейе бастаған.

«Жалақымның аздығы әрі несием көп болуына байланысты жұмыс орындарын жиі іздеймін. Бір күні жарнамалық OLX сайтын ақтарып отырып, «курьер» іздеп жатқан хабарландыруларды кезіктірдім. Хабарласып мән-жайды білмек болдым. Бірнешеуіне хабарласып шықтым. Алғашқыда сыр білдірмегенмен есірткі заттарын таситын «курьердің» қажеттігін айтты. Бірден бас тарттым», – дейді Дәурен Тасжанов есімді қала тұрғыны.

### ОБЛЫСТА СЕГІЗ АЙ ІШІНДЕ 103 КЕЛІ ЕСІРТКІ ТӘРКІЛЕНГЕН

Облыста тек жыл басынан бері ғана есірткінің заңсыз айналымы бойынша 59 қылмыстық құқықбұзушылық анықталған. Алаңдататыны – бұрынғыдай сырттан тасымалдаумен қатар есірткі өндірудің де көбейгені байқалған.

«Анықталған 59 қылмыстық құқықбұзушылықтың 42-і есірткі өндіру және дайындау бойынша ұсталды. Полицияның жедел әрекет етуінің нәтижесінде сегіз айда 103 келі 250 грамм есірткі тәркіленіп алынды. Әсіресе, героин, марихуана, гашиш сондай-ақ синтетикалық есірткі түрлерінің үлесі басым. Мұнымен қоса есірткіні өндіру мақсатынсыз заңсыз сақтаудың 138 фактісі тіркелді. Есірткі таралуының алдын алу үшін осы жылы облыс аумағында мектептер мен орта арнаулы және жоғары оқу орындарында есірткіге қарсы 176 профилактикалық шара ұйымдастырылды», – дейді Рәзия Курсанова.

**P.S. Ел ішінде кең таралған аса қауіпті есірткі бизнесі осылайша өркен жайып тұр. Тамыры тереңге кеткен көлеңкелі бизнеске тосқауыл қоюда құқық қорғаушылар жаңа тың технологияларды қолдана бастағаны жөн сияқты…**

**Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,**
*Ақмола облысы*

# Пәтерді заңсыз жалдайды

**«Біреу тоңып секірсе, біреу тойып секіретін» заман болып тұр. Жұрт пәтер іздеп, қалтасындағы соңғы тиынын пәтер жалдау үшін беріп жатқанда біреулер оны иеленіп алып, кейін заңсыз түрде жалға беріп, пайда табуға кіріскен. Қара бастың қамымен заңды белден басқандар Ақмола облысында молынан табылып тұр. Ақмола облыстық прокуратурасы мемлекеттен берілген тұрғын үйлердің ішінен бірқатары заңсыз берілгенін анықтаған. Ал мұндай заңсыздыққа жол бергендердің барлығы бірдей бюджеттік мекемелердің қызметкерлері болып шықты. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспаналарды бөлу кезінде заңбұзушылыққа қалай жол берілді? Әлде тағы да «Бармақ басты, көз қыстымен» жеңұшынан жалғасқан жемқорлықтың жолы ма?**

### 20 ПӘТЕР МЕМЛЕКЕТКЕ КЕРІ ҚАЙТАРЫЛДЫ...

Ондаған жылдар бойы кезекте тұрса да баспана ала алмай, басы қатқандар саны тек Көкшетау қаласының өзінде 15 мыңнан асып жығылады. Алайда мемлекеттік тұрғын үй қорынан кезекпен тапсырылып жатқан пәтерлердің де заңды түрде беріліп жатқанына жұрттың күмәні сейілер емес. Өйткені кезектегілердің арасында пәтерді заңсыз алғандар құқық қорғау органдарының да қармағына біртіндеп ілініп жатыр. Жақында Ақмола облысының прокуратурасы жариялаған мәлімет жаға ұстатарлық. Тиянақты тексеріс жүргізген құзыретті орган мемлекеттік тұрғын үй қорын бөлу кезінде заңсыздықтарды анықтап, 20 бірдей пәтерді мемлекетке кері қайтарған. Бір қызығы, пәтерді қайтарып бергендердің жиырмасы да бюджеттік мекеме қызметкерлері болып шықты.

«Тексеріс облыстың барлық ауданын толықтай қамтыды. Өкінішке қарай, заңсыз пәтер иеленіп, кейін оны жалға бергендер де табылды. Мәселен, Көкшетау қаласында жергілікті бюджеттік ұйымдардың бірінің қызметкері 2017 жылы алған пәтерін үшінші тұлғаларға төрт жылдан бері қарай жалға беріп келген. Көкшетау қалалық прокуратурасының қадағалау актісі бойынша заңсыз алған пәтер иесі үйден шығарылып, пәтер көпбалалы отбасыға ұсынылды. Астрахан ауданында да 2017 жылы тағы да бюджеттік сала қызметкеріне мемлекеттен пәтер берілген. Алайда 2020 жылы бұл адам мұрагерлікпен басқа пәтерді иеленіпті. Қазір бұл баспана да 11 жыл бойы пәтер кезегінде тұрған жетімге берілді. Аталған бағыттағы жұмыс одан әрі де жалғасады», – дейді Ақмола облысы прокуратурасының баспасөз қызметінен.

Прокуратураның мәліметінше, жалпы облыс бойынша 20 пәтер мемлекет меншігіне кері қайтарылып алынған. Жақында бұл пәтерлер бірінші кезекте әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасыларға берілмек.

Тексеріс барысында өз пәтері болса да, баспананы заңсыз жолмен алғандар болған. Алайда заңсыз пәтер алып, оны жалға беріп пайдасын көргендер жауапқа тартылмаған.

### ЗАҢСЫЗ ПӘТЕР АЛҒАНДАРДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТА АЛМАЙМЫЗ...

«Пәтер иеленгендер осыдан төрт жыл бұрын алған. Яғни оларды заңмен жауапкершілікке тарту мерзімі өтіп кеткен. Сондықтан заңсыз алған пәтерлерін қайтарып алғаннан басқа оларды жауапкершілікке тарта алмаймыз. Қазір аталған бағытта жұмыстар әрі қарай жалғасып жатыр», – деп толықтырды прокуратураның баспасөз қызметі.

Ал тұрғындар баспана «бизнесінде» жеңұшынан жалғасқан жымысқы әрекеттердің бұл тек бір ұшы ғана екенін айтады.

«Мұндай адамдар толып жатыр. Тұрғын үйі болса да, ым-жымын білдірмей мемлекеттен пәтерді оңай жолмен алып алады. Ал олар пәтерлерін еш қымсынбастан жалға беріп жатыр. Тағы тексеру қажет деп ойлаймын. Жиырма емес, кемінде 200 шығатын шығар», – дейді Данияр Қанатұлы есімді Көкшетау қаласының тұрғыны.

**P.S. Заңға сәйкес мемлекеттен берілетін тұрғын үйлер меншігінде пәтері жоқ мұқтаж адамдарға кезек тәртібімен берілуі тиіс. Тексеріс қатты болғанымен, жолын тапқандар әлі де бар екенін заң органдары да, қарапайым адамдар да жоққа шығармайды. Сондықтан тиісті органдар мен жергілікті атқарушы органдар өз ісіне тиянақтылықпен қараса жөн болар…**

**А.ТОҚАН,**
*Ақмола облысы*

# Күзет агенттігі лицензиясынан айырылды

**Алатау аудандық әкімдігінен күштеп шығарылған «Хабар 24» журналисінің оқиғасынан кейін Күзет агенттігі лицензиясынан айырылды.**

«Мекеме басшысын полицияға шақырып, қызметті жалғастырмауы үшін лизенциясы алынды», – деп хабарлады Алматы полициясының баспасөз қызметі.

Еске салайық, 24 тамыз күні Алматының Алатау ауданы әкімдігінің күзетшісі «Хабар 24» телеарнасының журналисін көтеріп, әкімдік ғимаратынан шығарып жіберді. Бұл оқиғаға байланысты Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева да өз ойын білдірді. Министрдің айтуынша, журналистердің құқығын бұзуға, олардың ресми жұмысына кедергі келтіріп, күш көрсетуге ешқашан жол берілмеуі керек. Кейін осы факті бойынша Алатау әкімдігінде комиссия құрылды, қызметтік тергеу басталды.

**А. ЖАСАН**

# Головкинге ерекше жекпе-жек ұсынылды

**Орта салмақта WBA тұжырымы бойынша уақытша әлем чемпионы, ұлыбританиялық кіші-Крис Юбенк IBF және IBO титулдарына ие қазақстандық Геннадий Головкинмен жекпе-жекке шығуға ниетті екенін мәлімдеді.**

«Геннадий Головкиннің әлеуетті қарсыластары жоқ. Ол титулды қорғау керек. Жанкүйерлер оның қарсыласы ретінде кімді көргісі келеді? Кімге қарсы шықса, ол ең көп сыйақы алады? Дұрыс, бұл – мен! Мен бірінші титулды аламын, кейін онымен жекпе-жекке шығамын», – деді Юбенк TalkSport-қа берген сұхбатында.

Бұған дейін ұлыбританиялық боксшы Головкин өкілдері командасына хабарласып, жекпе-жекке қызығушылық білдіргенін айтқан болатын. Юбенк тіпті кездесу уақытын жариялады.

Айта кетейік, 2 қазанда Юбенк неміс Свен Эльбирмен жұдырықтасады деп жоспарланған. Ал Головкин желтоқсанда оралады деп күтіледі. WBA тұжырымы бойынша орта салмақтағы «суперчемпион» Риота Муратамен жұдырықтасады.

**А.ЖАСАНҰЛЫ**

# Алматылық ару бақ сынайды

**Алматылық Лаура Мұхтар Түркияда өтетін сұлулар сайысында Қазақстан намысын қорғайды.**

Miss Aura International 2021 сұлулық сайысы 20 қыркүйек пен 5 қазан аралығында Анталия қаласында өтеді. Сайысқа әлемнің әр түкпірінен 70-тен астам ару жиналады. Miss Aura International «Дарындылар сайысы», «Шомылу киімдерінің дефилесі», «Кешкі және ұлттық киімдер» секілді үш кезеңнен тұрады. Сондай-ақ қатысушылар әлеуметтік және қайырымдылық акцияларына қатысады.

Қазір Лаура Мұхтар байқауға белсенді түрде дайындалып жатыр. Айта кету керек, ол аймақтық және халықаралық конкурстарда бірнеше рет бақ сынаған. Бұған дейін ол «Алматы аруы-2018» финалына дейін жетіп, онда «Спорт-дива» және People Choice секілді екі номинацияны жеңіп алған. 2019 жылы Лондонда өткен Miss USSR UK байқауында «II вице-мисс» атанды. Киевтегі Miss Queen Europe 2019 байқауында да басты титулды жеңіп алды.

**А.ЖАСАНҰЛЫ**

# Жалған терроризмнің жазасы – 5 жыл

**Елімізде арагідік белгілі бір ғимараттарға «бомба қойылды» деген хабарларды естіп жатамыз. Абырой болғанда, соның көбі жалған ақпарат болып шығады. 1 қыркүйек күні Ақтөбе қаласындағы алты мектепте алғашқы қоңырау соғылмады. Салтанатты жиынның тоқтауына бұл мектептерге «жарылғыш зат қойылды» деген хабарлама себеп болған. Дегенмен бұл жолы да дерек жалған болып шықты. Алайда мұндай хабарды жеткізетін кім? Оларды шектеу, жазалау мүмкін бе?**

Ақтөбе облыстық Білім басқармасының басшысы Жолдас Батырханның сөзінше, жарылғыш зат туралы хабарлама Ақтөбедегі №2 мектептің электронды поштасына таңғы сағат 8.30-да түскен екен. «Бомба қойылды» делінген алты мектеп толық тексерілді. Ақпарат жалған болып шықты. Биыл бірінші сыныпқа барған мыңнан астам бала салтанатты жиынға қатыса алмады» деп мәлімдеді Жолдас Батырхан.

Ақтөбедегі №2 мектептің электронды поштасына түскен хабарламада №1, №21, №22, №51, №56 мектеп те «бомба қойылды» деп аталған. Таңғы сегіз жарымда бұл мектептердің жоғарғы сыныбында тәрбие сағаты өтіп жатқан. Полиция дереу оқиға орнынан мұғалімдер мен оқушыларды эвакуациялаған. «Бұл дерек бойынша Қылмыстық кодекстің 273-бабымен (Терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау) сотқа дейінгі тергеу басталды» деп хабарлады Ақтөбе полициясының баспасөз қызметі. Дегенмен күдіктінің ұсталғаны не ұсталмағаны жайлы ресми деректер жария болған жоқ.

Айтпақшы, Ақтөбеде мұндай оқиғалар жиі кездеседі. Мәселен, биыл жыл басында қаладағы №51 мектепке бомба қойылғаны туралы 2 хабарлама түскен. Екі жағдайда да хаттар бір электронды мекенжайдан келген. Сол кезде хабарлама жазған адамды анықтауға және ұстауға бағытталған жедел іс-шаралар жүргізіліп жатыр дегенмен, күдіктінің ұсталғаны жайлы мәліметтер мүлде жарияланбады.

### ХАБАР ТАРАТҚАНДАРҒА ЖАЗА ЖЕҢІЛ МЕ?

Көбіне мұндай хабарламалардың расөтірігін лезде ажырату қиын. Арнайы қызметтер амалсыз барлық адамды қауіпсіз жерге көшіріп, барлау жүргізуге мәжбүр. Әсіресе, апатты және төтенше жағдайлар, саяси оқиғалар кезінде әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде жалған хабарламалар көптеп тарайды. Қазақстан заңнамасына сәйкес, жалған ақпарат таратқандарға жаза қарастырылған.

Елімізде жалған ақпарат таратқаны үшін 20 АЕК сомасындағы айыппұл төлеуден бастап 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Жалған ақпарат тарату 2015 жылы жаңа Қылмыстық кодекс қабылданғаннан кейін қылмыс түрінде (274-бапқа сәйкес) қарастырыла бастады. Жоғарғы Соттың ақпараттық базасындағы мәліметтерге сенсек, фейк дерек таратып, елді дүрліктіргені үшін 2015-2016 жылдары – 2 іс, 2017 жылы – 4 іс, 2018 жылы – 1 іс, 2019 жылы 3 іс қозғалған. Ал былтыр жалған теракт актісіне байланысты хабар таратқан 2 адам жауапкершілікке тартылыпты.

Негізі, «Ақтөбедегі мектептерге бомба қойылды» деп жалған ақпарат таратқандарға Қылмыстық кодекстің 273-бабы «Терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау» қолданылады. 5000 АЕК, яғни 14 миллион теңгеден астам айыппұл салады немесе бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырады.

### ЕСКЕРТУ ЕМЕС ПЕ?

Биыл 11 мамыр күні Татарстан астанасы Қазан қаласындағы №175 мектепке 19 жастағы жігіт қарулы шабуыл жасап, 11 адамды мерт қылғаны есімізде. Осы жантүршігер оқиғадан кейін жалпы білім ордаларындағы қауіпсіздік мәселесі көпті толғанта бастады. Негізі, бұл Ресей жеріндегі білім мекемесінде болған алғашқы теракт емес еді. 2018 жылы Керчь қаласындағы политехникалық колледжде 4-курс студенті жарылыс жасап, 21 адам қаза тапқан болатын. «Қазақстан осы трагедиялардан қандай сабақ алғаны жөн» деген сауал сол кезде-ақ толғанта бастаған. Бүгін теракт жайлы жалған қоңырау мен хабарламалар түссе, ертең оның шындыққа айналмасына кім кепіл? Ал біздегі білім ордаларындағы қауіпсіздікке көңіл тола ма? Қоғамның осал тұсы балалар екені сөзсіз. Ресейдегі оқиғадан кейін Парламент Мәжілісі қабырғасында аталған мәселелер сөз болған. Депутат Андрей Линник Үкімет басшысы Асқар Маминге сауал жолдап, мектептердегі қауіпсіздікті бір пысықтап алуды сұраған. Оның айтуынша, оқушылар қауіпсіздігі мен қару-жарақка байланысты кейбір заңнамаға өзгеріс енгізген абзал.

«Оқиға көрші елде болды. Дегенмен біздегі мектептердің қауіпсіздігін күшейтуге назар аудартады. Мәселен, мемлекеттік органдардың ғимаратын әскери күзет қарауылдайды. Ал оқу орындарында арнайы дайындығы жоқ азаматтар мен зейнеткерлер күзетші болып жүр. Оның қараусыз қалған жерден айырмасы жоқтай», – деген Андрей Линник.

Осыны ескерген депутаттар бірнеше мәселені қайта қарауды талап еткен еді. Әуелі білім ордаларын арнайы мамандандырылған күзет жасағы қарауылдап, күзетшілерге қару ұстауға рұқсат беруді және оларға мүліктік кешенді ғана емес, адамдардың қауіпсіздігін де қорғау міндетін жүктеуді атады. Екіншіден, мектеп психологтері мен учаскелік инспекторлардың жұмысын күшейтуді айтса, үшіншіден, атыс қаруын алып жүруге, сақтауға рұқсат беруге бақылауды күшейтуді, лицензия беру жасын 18-ден 24 жасқа дейін өсіріп, қаружарақ лицензиясын алу кезінде психикалық денсаулық пен есірткіге тәуелділікті тексеру үшін жауапкершілігін арттыруды сұрады. Елімізде 21 жастан бастап ішімдік сатып алуға рұқсат беріледі. Ал бір қызығы, қаруға лицензия алу жасы 18-ден басталады екен.

Үкімет 2015 жылғы 3 сәуірде «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жүйесіне қойылатын талаптарды бекіту туралы» №191 қаулы қабылдаған. Қаулыға білім беру ұйымдары мен оған іргелес ашық аумақтар да енгізілген. Көрсетілген қаулыға көз жүгіртсек, сыйымдылығы 3 мың оқушыға дейінгі білім беру объектілері міндетті түрде телевизиялық бейнебақылау жүйесімен жарақтандырылуы тиіс. Ал сыйымдылығы 3 мыңнан астам адам оқитын білім беру объектілерінде бейнебақылаудан басқа күзет сигнализациясы құралдары, бақылау, кіруді басқару және хабардар ету жүйелері міндетті түрде болуы керек. Бірақ мектептеріміз толыққанды қауіпсіз дей алмаймыз. Ең болмағанда күзет пен ғимаратқа кіреберістегі тексерісті күшейту қажет.

Одан бөлек, қаруға қатысты тағы бір мәселе бар. Ресей Қазан трагедиясынан кейін әлеуметтік желі мен интернетте қару сатып алу, қолдан жасау жайлы дерек іздегендерді бақылауға ала бастады. Бұл тәжірибені өзгелер де ескергені жөн тәрізді. Тағы бір мәселе – кей өңірлерде діни ахуал сәл де болса ушығып тұр. Әсіресе, еліміздің Батыс аймағында осы мәселе көрініп қалып жүргенін көбіміз білеміз. Мектептеріне теракт жайлы хабарлама жиі түсетін Ақтөбе қаласында 2016 жылы жайсыз оқиға болғанын білеміз. Бәлкім, бұл жолғы амал қоғамның тамырын басып көру болар. Сондықтан құзырлы органдар бұл жағдайды кешікпей бақылауға алуы тиіс тәрізді.

**М.ТӨЛЕУ**

ГСЛ АМК № 000300 выдана 17.03.2007г. МКИ РК

# Қоржында екі алтын бар

**Татарстанның Қазан қаласында ТМД ойындары жалғасып жатыр. Қазақстандық мергендер нысана көздеуден қоржынға бірнеше медаль салды.**

Атап айтқанда, 50 метрге нысана көздеуден Арина Алтухова алтын, Ирина Безрукова күміс медаль иеленді.

Никита Чирюкин пневматикалық тапаншамен 10 метрге нысана көздеуден жеңістің екінші тұғырына көтерілді. Сондай-ақ Ирина Локтионова да аталған сында өнер көрсетіп, алтын жүлдегер атанды. Ол пневматикалық тапаншамен 10 метрге нысана көздеуден топ жарды.

**А.ЖАСАН**

NUR MEDIA AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Бас редактор – Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ – Бас редактордың бірінші орынбасары
Гүлзина БЕКТАС – шығарушы редактор
Асқар БЕК – веб-сайт редакторы
Елдар ҚАБА – секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ – Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Ерқанат СӘРСЕНБАЙ – Қызылорда облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-18, 8 (777) 241-47-75, 8 (707) 454-43-53
byurukpayeva@liter.kz
reklama@liter.kz
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-11, (708) 270-79-97
saidinova@liter.kz
bekkozhayeva@liter.kz

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №3990
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г — 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Нұр-Сұлтан қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор — Нұрлан ҚОСАЙ